



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

АҚОРДА



КОМИССИЯ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Комиссияның жаңа Конституция жобасы бойынша бұған дейін атқарған жұмысы туралы мәлімет берілді.

Эльвира Әзімова халық карауына ұсынылған жаңа Ата Заң жобасы жөнінде баяндады. Оның айтуынша, eGov және e-Otinish порталына жұртшылық тарапынан келіп түскен ой-пікірлер саны 4 мыңнан асқан. Азаматтар жобаны бүгінгі талап-тілектер мен қоғам мүддесіне сай келеді деп таниды. Саяси партиялар, республикалық және өңірлік қоғамдық ұйымдар жаңа Конституция жобасына қолдау білдірді.

Президент Конституциялық комиссия жұмысы ашық форматта жалғаса беруге тиіс екенін атап өтті. Бұл азаматтардың талқылау барысынан хабардар болып, жоба мазмұнымен егжей-тегжейлі танысуына мүмкіндік береді. Қасым-Жомарт Тоқаев сарапшылар мен қоғам өкілдері жолдаған ұсыныстардың барлығын жіті талдауды тапсырды.

Эльвира Әзімова Конституциялық комиссия мүшелері жаңа Конституция жобасының жекелеген баптары мен тармақтарын редакциялап жатқанын айтты. Комиссияның кезекті отырыстары ертең, яғни 7 ақпанда және келесі аптада өтеді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ

Президент – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қарулы Күштері Бас штабының бастығы Қаныш Әбубәкіров пен Қорғаныс министрінің орынбасары Асқар Мұстабековті қабылдады.



Мемлекет басшысы Қорғаныс министрінің орынбасарларына ведомстводағы жетекшілік ететін бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.

БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ БАЯНДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Балаларды қорғау жүйесін күшейту үшін қорғаншылық органдарының штаттық нормативі қайта қаралды: енді әрбір 5 мың балаға кемінде 1 маманнан келуге тиіс. Бұл – қорғансыз қалған бүлдіршіннің мұңын тыңдайтын, құқығын қорғайтын кәсіби жанашырлардың саны бір жылдың ішінде 3 еседен астам көбейетінін білдіреді.



→ 9

АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауында жасанды интеллектің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатқанын айтты.

→ 7



Роза РЫМБАЕВА,
Қазақстанның халық әртісі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

ЕЛУ ЖЫЛ ХАЛҚЫММЕН БІРГЕ ӨМІР СҮРІП КЕЛЕМІН

Өнер дегеніміз – мәдениет, тәрбие, рухани жауапкершілік. Сахнаға шыққан адам халықтың алдында тұрған қарапайым әртіс қана екенін ұмытпауға тиіс. Халық сенің әрбір сөзіңнен, әніңнен, олармен сырласуыңнан тәлім алады, рухани қуат табады. Сондықтан сен осы деңгейге бойыңдағы ізгі құндылықтарыңмен лайық бола білуің тиіс.

→ 10-11

ПАРЛАМЕНТ

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

СЫНДАРЛЫ ДИАЛОГ –
ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Парламент Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Біріккен Араб Әмірліктерінің астанасында өткен дәстүрлі шейх Заид атындағы «Адамзат бауырластығы» сыйлығын салтанатты тапсыру рәсімі аясындағы іс-шараларға қатысты.

Биыл аталған сыйлыққа әйелдер мен қыздардың білім алу құқықтарын қорғау саласында еңбек етіп жүрген ауғанстандық құқық қорғаушы Зарка Яфтали, Палестина-ның Таавон гуманитарлық ұйымы және Әзербайжан мен Армения арасындағы бейбіт келісім ие болды. Осыған байланысты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сыйлық иелеріне бейнеүндеу жолдады. Мемлекет басшысы Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев пен Армения Республикасының Премьер-Министрі Никол Пашинянды құттықтап, екі елдің бейбіт келісімге қол жеткізу жолындағы белсенді іс-қимылы тарихи маңызға ие бетбұрыс екенін атап өтті.

«Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісім жолында қол жеткізген жетістігі тарихтың бетбұрыс кезеңі саналады. Бұл қадам диалог жүргізіп, жауапкершілік пен ұстамдылық таныта білсек, ұзақ жылдарға созылған қалыңдықтың да түйінін тарқатуға болатынын дәлелдейді. Мемлекеттердің жік-жікке бөлінуі ұлғайып, өзара қарым-қатынастарға көптеп сызат түсе бастаған заманда бұл тәжірибе татуласудың әлсіздік емес, мықтылықтың белгісі екенін көрсетеді», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Қазақстан тарапы мемлекетімізге артылған сенімді, соның ішінде бейбіт келісімдердің негізгі бір кезеңін Алматыда өткізу туралы шешімді жоғары бағалайтыны айтылды.

«Бұл жағдай «сындарлы диалог — орнықты дамудың кепілі» деген ортақ көзқарасымызды айғақтайды. Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі және одан тысқары жерлердегі бейбітшілікті, сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бастамаларды дәйекті түрде қолдап келеді», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сапар аясында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев шейх Заид атындағы «Адамзат бауырластығы» сыйлығы аясында өткен «Болашақ ұрпақ алдындағы уәде» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге қатысып, сөз сөйледі. Іс-шараға сыйлық лауреаттары, қазылар алқасының мүшелері, халықаралық ұйымдардың өкілдері мен жас көшбасшылар қатысты.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Қазақстанның бейбітшілік пен конфессияаралық диалог құндылықтарын ілгерілету жолындағы тәжірибесіне тоқталды. Сондай-ақ еліміздің бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан, философиялық тұрғыдан адамзаттың бауырластығы идеясымен үндес Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің қызметіне назар аударды.

«Қазақстан адамзаттың бауырластығын нығайтуға арналған бастамаларды және диалог, өзара құрмет пен бейбіт қатар өмір сүру құндылықтарын дәріптеуді толық қолдайды. Былтыр қыркүйек айында Астана қаласында «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбымен Әлемдік

және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі өтті. Оның маңызды нәтижелерінің бірі конфессияаралық диалогты одан әрі нығайтуды көздейтін бірқатар халықаралық бастаманы қамтыған «Астана бейбітшілік декларациясы-2025» құжатының қабылдануы болды. Рухани көшбасшылар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жаңа жаһандық бейбітшілік қозғалысын қалыптастыру жөніндегі үндеуіне қолдау білдірді. Алдағы уақытта бұл бағытта нәтижелі ынтымақтастық орнатуға зор мүмкіндік бар. Сондықтан жалпыадамзаттық құндылықтарды және өзара түсіністік пен ынтымақтастық мәдениетін ілгерілету жолында барлық елмен, институттармен, ізгі ниетті жандармен бірлесіп, белсенді жұмыс істеуге дайынбыз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы БАӘ Федералды Ұлттық Кеңесінің Төрағасы Сакр Әл-Гобашпен кездесті. Онда тараптар Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің стратегиялық серіктестігін кеңейту және парламентаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері жөнінде сөз қозғады. Екі елдің заң шығарушы органдарының бірлескен жобаларды ілгерілетудегі рөліне де ерекші көңіл бөлінді. Нақты айтқанда, инвестициялық байланысты және цифрландыру саласындағы өзара іс-қимылды арттыруға баса мән берілді. Сұхбат барысында тараптар Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің бейбітшілік, сенім және халықаралық тұрақтылық мәселелеріне қатысты ұстанымдарының үндес екеніне де назар аударды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерімен қарым-қатынасты жүйелі түрде нығайтуға айрықша мән беріп отыр. Ол Әмірліктер еліміздің сенімді стратегиялық серіктестерінің бірі екенін үнемі айтып келеді. Қазақстан мен БАӘ-ні даму жолындағы ортақ ұстанымдар біріктіреді. Бұл — дәстүр мен мәдени бірегейлікті сақтай отырып, оны жарқын болашақ жолындағы батыл қадамдармен, инновациямен және әлемге ашықтықпен үйлестіре білу», — деді Мәулен Әшімбаев.

Бұдан басқа, Мәулен Әшімбаев Мұсылман ақсақалдары кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Әбделсаламмен, Өзбекстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы Саида Мирзиёевамен, Кавказ мұсылмандары басқармасының төрағасы, Шейх-уль-ислам Аллашүкір Пашазадемен, Қасиетті Так жанындағы Мәдениет және білім жөніндегі дикастерияның префектісі Хосе Толентино де Мендонсамен, Дикастерияның дінаралық диалог жөніндегі префектісі кардинал Джордж Кувакадпен, Жапониядағы «Сока Гаккай» ірі зайырлы буддистік ұйымының вице-президенті Хироцугу Тэрасакимен және ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директоры Ирина Боковамен кездесті.

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Беларусь Республикасына ресми сапармен барды. Ол Минскіде ел Президенті Александр Лукашенкомен, Ұлттық жиналыстың Өкілдер палатасының басшысы Игорь Сергеенкомен және Республика Кеңесінің төрағасы Наталья Кочановамен кездесті. Тараптар екіжақты қарым-қатынастың жоғары деңгейін атап өтіп, парламентаралық ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
НЫҒАЯ ТҮСПЕК

Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкомен кездесуде Ерлан Қошанов Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың зор ықыласы мен ізгі тілегін жеткізіп, халықтарымыздың арасындағы терең тарихи байланысты атап өтті. Ол екі ел Президенттерінің сенімді саяси қарым-қатынасының арқасында бүгінде Қазақстан — Беларусь байланысы стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілгеніне ерекше тоқталды. Сауда-экономика, өндіріс, ауыл шаруашылығы, көлік және басқа да салалардағы ынтымақтастықтың жоғары қарқыны — соның нақты нәтижесі.

Ерлан Қошанов Беларусь басшысына бүгінде Президент бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси өзгерістер туралы айтып берді. Елімізде мемлекеттің қоғамдық-саяси және құқықтық архитектурасын түбегейлі жаңғыртатын жаңа Конституцияның жобасы кеңінен талқылануда. Ата-Занның жаңа жобасы бойынша түпкілікті шешімді бүкілхалықтық референдумда ел азаматтары қабылдайды.

Александр Лукашенко Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа жылы лебіздерін жолдады. Ол қазіргі күрделі кезеңде екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтудағы парламентарийлердің рөлін ерекше атап өтті. Бұл орайда Беларусь пен Қазақстанның көпполарлық пен егеменді мемлекеттердің дамуын қолдайтынын, халықаралық күн тәртібінде ортақ ұстанымға ие екенін айтты. Сондай-ақ Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына кіру кезінде Беларусьті қолдағаны үшін Қазақстанға алғысын білдірді.

Беларусь басшысы Қазақстанмен арадағы қазіргі өзінде 1 млрд доллардан асқан тауар айналымының жоғары өсу қарқынына оң баға беріп, машина жасау мен ауыл шаруашылығындағы кооперацияны кеңейтуге шақырды.

Ұлттық жиналыстың Өкілдер палатасының басшысы Игорь Сергеенкомен кездесуде парламентаралық диалогтан бастап екі ел арасындағы экономикалық, мәдени ынтымақтастыққа дейінгі кең ауқымдағы мәселелер талқыланды.

— Қазақстан мен Беларусь — сенімді стратегиялық серіктес. Мемлекеттер басшылары мұны үнемі айтып келеді. Екі ел арасында жемісті саяси диалог жолға қойылған. Өнеркәсіпте, машина жасауда және аграрлық салада кооперациялық байланыс кеңейіп жатыр. Екі мемлекеттің парламентарі де өзара қарым-қатынастың қарқынды дамуына зор үлес қосуда. Заң шығару ісінде тұрақты тәжірибе алмасу жолға қойылып, достық топтары белсенді әрі нәтижелі жұмыс істеп жатыр, депутаттарымыздың арасында бекем байланыс орнаған, — деді Мәжіліс Спикері.

Өз кезегінде Игорь Сергеенко Қазақстан Беларусь елі үшін әрдайым уақыт сынынан өткен дос, стратегиялық серіктес әрі одақтас болып қала беретінін айтты. Ол Астана сияқты Минскі де сындарлы, біріктіретін күн тәртібін халықаралық алаңдарда ілгерілетуге басымдық беретініне мән берді.

Өкілдер палатасының төрағасы Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар бағытын жоғары бағалады. Қазақстанның түрлі саладағы заң шығару жұмысындағы тәжірибесін Беларусь депутаттары жан-жақты зерделеп отырғанын атап өтті.

Спикерлер цифрландыру саласындағы парламентарілердің қызметіне де ерекше назар аударды. Мәжіліс Төрағасы Мемлекет басшысының үш жыл ішінде Қазақстанды цифрлық мемлекетке айналдыру міндетін алға қойғанына тоқталды. Осы ретте депутаттар әзірлеген Цифрлық кодекс пен Жасанды интеллект туралы заң күшіне енді. Астанада халықаралық ЖИ орталығы, Astana Hub технопарк қарқынды жұмыс істеп тұр, сондай-ақ Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер іске қосылды.

Кездесу қорытындысы бойынша депутаттар заңнамалық жұмыс бойынша өзара тәжірибе алмасуды жалғастыруға, парламентаралық ұйымдар аясында, сонымен қатар достық топтары, салалық комитеттер мен парламентарілер аппараты желісі бойынша ықпалдастықты нығайтуға уағдаласты.

Ерлан Қошанов екі елдің заң шығарушы органдары арасындағы әріптестікті дамыту мәселелерін Республика Кеңесінің төрағасы Наталья Кочановамен де талқылады.

— Біздің парламентаралық қарым-қатынасымыз қарқынды дамып келеді. Жеке байланыстың арқасында өзара сенім мен құрмет нығаюда. Парламентаралық ұйымдар шеңберінде де тығыз байланыстамыз. Бір-біріміздің бастамаларымызға қолдау білдіруде де жақсы тәжірибе бар. Біз Парламентаралық Одақ, ТМД Парламентаралық Ассамблеясы, ҰҚШҰ және ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеялары аясындағы өзара дәстүрлі ықпалдастықты одан әрі кеңейтуге ниеттіміз, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Екі ел арасындағы мәдениет және білім беру салалары бойынша парламентарілер қолдауды кеңейту, жастарға арналған бірлескен жобаларды іске асыру, туризм мен инновация бағытында өнеркәсіптік кооперацияны дамыту бойынша екіжақты ынтымақтастықты күшейту мәселелері қамтылған мазмұнды әңгіме өрбіді.

Ұлттық жиналыстың Өкілдер палатасы мен Республика Кеңесінде өткен кездесулерде Ерлан Қошанов Беларусь депутаттарына Қазақстанда жүргізіліп жатқан Конституциялық реформа туралы айтып берді. Ол жаңа Конституцияның жобасы Қазақстан Парламентінің құзыретін едәуір күшейтетінін, қоғамның саясатқа араласуын кеңейтетінін және «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласын нығайтатынын ерекше атап өтті.

Сапар аясында Мәжіліс депутаттары Минскідегі Жеңіс монументіне гүл шоғын қойды. «БЕЛАЗ» зауытына және «Хатынь» мемлекеттік мемориалдық кешеніне барып, Екінші дүниежүзілік соғыс құрбандарын еске алды.

Бетті дайындаған Айна ХАСАН



МӘДЕНИЕТ САЛАСЫН ДАМУҒА НЕГІЗ БОЛАДЫ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері жөніндегі заң қаралды.

Депутаттар бастамашы болған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң ұлттық мәдениет саласын заман талаптарына сай жаңғыртуды көздейді. Отырыста аталып өткендей, заңды мақұлдау мәдениет саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ ұлттық мәдени құндылықтарды сақтауға және ілгерілетуге ықпал етеді.

«Қаралған заң еліміздегі креативті индустрия саласын реттейтін заңнаманы одан әрі жетілдіруді көздейді. Атап айтқанда, саланы қолдауға бағытталған бірқатар жаңа тетіктер енгізіліп отыр. Сонымен қатар өкілетті органның құзыреттері нақтыланып, қосымша міндеттер жүк-

телді. Жалпы, заң еліміздің креативті экономика секторының одан әрі дамуына тың серпін береді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Заң аясында кинематография мәселелерін және жастар саясатын реттейтін салалық заңдарға да қатысты өзгерістер енгізілді. Мақұлданған заң бірыңғай саясат шеңберінде креативті индустрияларды дамытуға, шығармашылық әлеуетті экономиканың бір бөлігіне айналдыруға, мәдени және креативті өнімдердің сапасы мен мағыналық толықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте жастарды шығармашылық қызметке тартуға жәрдемдесу, олардың осы саладағы бастамалары мен жобаларын қолдау жөніндегі нормалар туралы сөз болып отырғанын атап өткен жөн.

ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУҒА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Депутаттардың қарауына бірінші оқылымдағы Мәжіліс әзірлеген газбен жабдықтау және тауарлық газды үнемді тұтыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңнамалық түзетулер енгізіледі.

Заң жобасы газды ұқыпты тұтынуға ынталандыруға, цифрландыруға және оны ішкі нарықта есепке алудың ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Құжатта жеке газ тарату ұйымдарының қызметін мемлекеттік реттеу, тариф белгілеу әдістерін өзгерту, газ және газбен жабдықтау

саласындағы ұлттық оператордың бақылауын күшейту қарастырылған. Тиісті өзгерістер «Мемлекеттік мүлік туралы», «Газ және газбен жабдықтау туралы», «Табиғи монополиялар туралы» және «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарға енгізіледі.

Депутаттар сондай-ақ Сербия Республикасымен әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы, Түрікменстанмен арадағы жолаушылар мен жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы жаңа заң жобаларын жұмысқа алады.

Премьер-министр Олжас Бектенов «Атамекен» ҰҚП алаңында мұнай-газ және энергетика саласы, тау-кен және металлургия өнеркәсібі, АӨК бизнес өкілдері, салалық қауымдастықтар мүшелері мен барлық өңір сарапшыларының қатысуымен кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Салық реформалары, бизнесті қолдау, ақпараттық жүйелерді цифрландыру сынды басқа да өзекті мәселелерге назар аударылды.

Жиынды ашқан Премьер-министр кәсіпкерлікті дамыту Мемлекет басшысы айқындаған басым бағыттардың бірі екенін ерекше атап өтті. Бизнес — экономикалық реформалар жүргізуде басты серіктес, бұл жұмыста «Атамекен» ҰҚП маңызды рөл атқарады.

«Біз бүгін сіздермен еліміз үшін өте маңызды, тарихи маңызы бар сәтте кездесіп отырмыз. Жарты жыл бойы қоғамда Конституциялық реформаны белсенді талқылау жүріп жатыр. Ашық дискуссиялар болып жатыр. Азаматтардан мыңдаған ұсыныс келіп түсуде және олардың барлығы терең зерделеніп, ескеріліп жатыр. Бұл — еліміздегі демократиялық процестердің айқын дәлелі. Еліміздің жаңа Конституциясының жобасы халыққа ұсынылды, басты мақсат — егемендігімізді, Тәуелсіздікті нығайту. Барлығыңызды Президентімізді

МЕМЛЕКЕТ пен БИЗНЕС АРАСЫНДАҒЫ СЕНІМ



және жаңа Конституцияны қолдауға шақырамын. Сіздердің қарамақтарыңызда мыңдаған азамат жұмыс істейді. Олардың әрқайсысына реформа міндеттерін дұрыс жеткізу маңызды», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жаңа Конституция жобасында Мемлекет басшысының «Заң және тәртіп» жаппай үстемдік құрған Әділетті Қазақстанды құру туралы бағдары кәсіпкерлер қауымына үлкен жауапкершілік жүктеп, адал еңбек,

кәсіпке деген құрмет, елге жанашыр болу сияқты құндылықтардың маңызын арттыра түседі. Әділдік пен заңдылық қағидаттарын конституциялық деңгейде бекіту сенім мен ұзақмерзімді әріптестік орта қалыптастырады.

Кеңес барысында Президенттің жаңа салық ережелерін біртіндеп енгізуге қатыс-

ты тапсырмасының орындалуына назар аударылды. Қатысушылар салық төлеушілер үшін өтпелі кезең мен салықтық әкімшілендіру мәселелерін талқылады.

Қазақстанда кәсіпкерлердің салықтық әкімшілендірудің жаңа шарттарына қолайлы көшуін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданды. Осылайша, Үкіметтің шешімімен шағын және микробизнес жекелеген жағдайды қоспағанда, 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін тексерулерден, камералдық бақылаудан және әкімшілік жауапкершіліктен босатылды. Биылғы 1 сәуірге дейін берешекті төлеу кезінде өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығару ережесі қолданылады, қызметті жою және тоқтату рәсімдері қайта қаралды. 2026 жылдың соңына дейін шағын және микробизнес үшін өтпелі кезең енгізілді, қателер үшін өсімпұлдар мен айыппұлдар алынбайды.

Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин бір мезгілде 250 мыңға дейін салық төлеушіге қызмет көрсету мүмкіндігі бар Жобалық кеңсенің жұмысы туралы баяндады. Жұмыс өтініштерді жедел қараумен «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша құрылған. Соңғы үш аптада сұраныстар ағынының 19,5 мыңнан 7,1 мыңға дейін төмендеуі байқалады, бұл техникалық процестердің тұрақтанғанын көрсетеді. «Халық бухгалтері» акциясына 17 мыңнан астам салық төлеуші қатысты. Сондай-ақ салық жүйесінде азаматтар мен бизнесті тіркеудің өсуі байқалғаны атап өтілді.

БАҒДАР

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ КОНСТИТУЦИЯДАН БАСТАЛАДЫ



«AMANAT» партиясының Орталық аппаратында «Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасына әйел азаматтардың көзқарасы: құқық, теңдік, қатысу» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жиынға Парламент Мәжілісінің депутаттары, Конституциялық комиссия мүшелері, азаматтық қоғам өкілдері, бастауыш партия ұйымдарының белсенділері және партияның өңірлердегі Әйелдер қанатының мүшелері қатысты.

«AMANAT» партиясының Хатшысы, Әйелдер қанатының төрағасы Шолпан Каринова модераторлық еткен дөңгелек үстелде жаңа Конституция жобасының әйелдер үшін айрықша маңызға ие екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл құжат әйелдердің қоғамдық өмірге араласуы, кәсіби дамуы мен саяси белсенділігіне тікелей ықпал етеді.

«Жаңа Конституция тек заңгерлерге немесе саясаткерлерге арнал-

ған құжат емес. Бұл — әр азаматтың, әр қазақстандықтың, әсіресе әр әйелдің күнделікті өміріне тікелей әсер ететін негізгі қоғамдық келісім. Конституция азаматтардың білім алуға, еңбек етуге, басқаруға, шешім қабылдауға және денсаулық сақтау жүйесіне қатысуына тең мүмкіндік береді. Біз Конституция жобасын әйелдік тәжірибе, жауапкершілік және азаматтық ұстаным тұрғысынан қарастырамыз. Себебі

әйелдердің қатысуынсыз әділетті қоғам құру мүмкін емес, ал әділетті қоғам Конституциядан басталады», — деді Шолпан Каринова.

Талқылау барысында Конституция жобасында тең мүмкіндіктер қағидаттары бекітіліп, азаматтық қатысу тетіктері күшейтілгені, отбасын, ананы және баланы қорғау көзделгені, сондай-ақ цифрлық дәуірдің сын-қатерлеріне, оның ішінде дербес деректерді қорғау мен жеке өмірге қолсұқпау мәселелеріне жауап беретін нормалар қамтылғаны айтылды.

Парламент Мәжілісінің депутаты, Конституциялық комиссия мүшесі Үнзила Шапақ жаңа Конституция жобасының құрылымы мен негізгі жаңашылдықтарына жан-жақты тоқталып, преамбуланың жанартылуын, мемлекет қызметінің іргелі қағидаттарының бекітілуін, сондай-ақ құжаттың халықаралық стандарттарға сәйкестігін атап өтті. Сонымен қатар конституциялық процестің ашық әрі инклюзивті сипатына және Конституциялық комиссия жұмысына әйелдердің белсенді қатысуына ерекше назар аударды.

«Конституциялық комиссияның жұмысында әйелдердің үні толыққанды әрі мазмұнды естілуде. Оның құрамында «AMANAT» партиясының Әйелдер қанатынан үш өкіл жұмыс істеп, нақты әрі салмақты ұсыныстар енгізіп отыр. Конституция жобасында неке әйел мен ер адамның ерікті әрі теңқұқылы одағы ретінде айқындалған,

оның негізінде тараптардың еркіндігі мен теңдігі жатыр. Конституцияның әрбір нормасы бүкіл заңнама жүйесіне тигізетін ықпалын ескере отырып қарастырылуда», — деді Үнзила Шапақ.

Парламент Мәжілісінің депутаты, Конституциялық комиссия мүшесі Вера Ким жаңа Конституция жобасы бойынша жұмыс бірнеше ай бойы жүргізіліп жатқанын және кең қоғамдық талқылауға негізделгенін атап өтті. Ол қоғамдық қатысудың жаңа институттарын қалыптастыруға және мемлекет пен қоғам арасындағы тұрақты диалог моделіне көшуге ерекше мән берді.

«Жаңа Конституция жобасы жабық форматта емес, қоғаммен ашық диалог негізінде әзірленуде. Осы уақыт ішінде шамамен төрт мыңға жуық ұсыныс келіп түсті және оларды талқылау жалғасып жатыр. Жобада жаңа конституциялық институт — Халық Кеңесі енгізілуде. Ол қоғамның стратегиялық шешімдерді талқылауға қатысуының жалпыұлттық арнасына айналады. Бұл — мемлекет пен қоғам бірлесіп ел дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын жаңа модельге көшу», — деді Вера Ким.

Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева өз сөзінде цифрландыру жағдайындағы адам құқықтары мен конституциялық кепілдіктер мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, жаңа Конституция жобасында алғаш рет цифрлық технологияларды пайдалана оты-

рып, дербес деректерді қорғау және хат алмасу құпиялылығы құқығы бекітіліп отыр.

Жаңа Конституция жобасын талқылау барысында жекеменшік білім беру ұйымдары қауымдастығының төрағасы, адвокат Динара Құдайқұлова адвокатураның ерекше мәртебесін Конституциялық деңгейде бекітуді көздейтін 86-бапқа назар аударды. Оның сөзінше, жаңа нормалар әділ сот жүйесіндегі адвокаттардың рөлін күшейтіп, салалық заңнаманың сапасын арттырып, азаматтардың құқықтарын сот арқылы қорғау кепілдіктерін нығайтады.

«AMANAT» партиясының Маңғыстау облысы бойынша Әйелдер қанатының жетекшісі, облыстық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссия төрағасы Пания Сармұрзина жаңа Конституция жобасы жергілікті өзін-өзі басқаруды кеңейтуге, басқару ашықтығын арттыруға құқықтық негіз қалыптастыратынын атап өтті. Сонымен қатар ол өңірде жүзеге асырылып жатқан инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларға, сондай-ақ әйелдер мен отбасыларды қолдауға бағытталған партияның Әйелдер қанатының бастамаларына назар аударды.

Шолпан Каринова қорытындылай келе, негізгі заң жобасы кең қоғамдық диалог аясында қалыптасып, азаматтардың нақты сұраныстарын ескеретінін атап өтті. «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты алаңында өткен талқылау әйелдер, балалар және отбасы құқықтарын қорғау тұрғысынан ұсынылған өзгерістерді қарастыруға мүмкіндік берді. Кездесу қорытындысы бойынша партияның Әйелдер қанаты жаңа Конституция жобасын қолдайтынын білдіріп, өңірлерде түсіндіру жұмыстарын жалғастыруға дайын екенін жеткізді.

TALQYLAU ДИАЛОГ АЛАҢЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ

Жасанды интеллект үйреншікті жағдайға айналған заманда адам ақыл-ойының құндылығы еселеп арта түсуде. Бүгін «AMANAT» партиясының Қоғамдық саясат институты ұйымдастырған TALQYLAU диалог алаңында сарапшылар жаңа Конституция жобасы Қазақстанның болашақ сын-қатерлерге берген стратегиялық жауабы екенін атап өтті.

Кездесудің негізгі түйіні — білім мен инновациялар тек әлеуметтік сала болудан қалып, ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің берік іргетасына айналуға.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Конституциялық реформаны жаһандық бәсекелестік жағдайындағы мемлекет дамуының маңызды қадамы ретінде бағалады. Ол жаңа Конституция жобасы дәуір алмасқанын айқын көрсететінін атап өтті. Конституцияның жаңа редакциясында адами капитал, мәдениет, білім, ғылым және инновациялар



мемлекеттің басты құндылықтары ретінде айқындалды.

«Бұл — аса маңызды шешім. Себебі бүгінде әлем ауқымды демографиялық және технологиялық трансформациялар кезеңіне қадам басты. Демография процесі мемлекеттердің экономикасына, саясатына және бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл ережелердің Конституцияда бекітілуі — адами капиталдың сапасы мен саны тұрғысынан стратегиялық маңызы зор қадам», — деді Саясат Нұрбек.

Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева әлем тарихи бетбұрыс кезеңінде тұрғанын атап өтті. Оның айтуынша, индустриялық үлгінің орнына біртіндеп когнитивті экономика келе бастады. Ал мұндай

экономикада басты ресурс — білім, шығармашылық қарым-қабілет және инновация.

«Қазіргі конституциялық реформа — өткенге емес, болашаққа берілген жауап. Үлкен деректерді талдау, жасанды интеллект пен роботтандыру секілді заманауи үдерістің барлығы цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. Ал технология дамыған сайын адам ақыл-ойының маңызы арта түседі. Бүгінде әлемде зияткерлік әлеует үшін жаһандық бәсеке жүріп жатыр. Осы себепті интеллектуалдық меншік, ғылым және шығармашылық еңбекті конституциялық деңгейде қорғау еліміздің зияткерлік әлеуетін сақтау мен дамытуда шешуші мәнге ие», — деді Екатерина Смышляева.

Мемлекеттің болашағын айқындайтын басты күш — жастар. Бұл туралы Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Индира Рыстина мәлімдеді. Оның айтуынша, соңғы бес жылда ғылым мен білім саласында елеулі серпін байқалып, жастардың зерттеу жұмыстарына қызығушылығы айтарлықтай артқан. Бүгінде Қазақстанда 6 миллионнан астам жас бар. Сараптамалық орталықтардың болжамына сәйкес, 2040 жылға қарай бұл көрсеткіш 8 миллионға жетуі немесе одан да асуы мүмкін. Ал осы қарқын сақталса, 2070 жылдары жастар ел халқының тең жартысына жуықтайды.

«Зерттеу деректеріне сүйенсек, жастардың 86 пайызы білім мен ғылымды басымдық ретінде қарастырады, ал цифрлық сауаттылықты қажетті дағды деп санайды. Бұл — адами және зияткерлік әлеуетті дамыту мемлекеттік саясаттың өзегінде болуы тиіс екенін айқын көрсетеді», — деді Индира Рыстина.

Саясаттанушы, Конституциялық комиссия мүшесі Марат Шибубов ғылым саласындағы конституциялық нормаларды іс жүзінде жүзеге асыру мәселесіне тоқталды.

«Ғылым мен инновацияның жаңа Конституция жобасының преамбуласында және негізгі мәтінінде көрініс табуы — дамудың дұрыс бағытын айқындайды. Сонымен қатар нақты нәтижеге қол жеткізу үшін ғылыми білімді сақтау, цифрландыру және тарату

жүйесін қалыптастыру маңызды. Бүгінде елімізде зерттеу деректерінің едәуір қоры жинақталған. Оларды жүйелеу ғылыми сабақтастықты қамтамасыз етіп, ақпараттың жоғалуын азайтады және жасанды интеллектті қоса алғанда, отандық ғылым мен цифрлық шешімдерді дамытудың негізін қалайды», — деді ол.

Қоғамдық саясат институтының директоры, Конституциялық комиссия мүшесі Мадина Нұрғалиева білімге деген көзқараста түбегейлі өзгеріс болғанын атап өтті.

«Қолданыстағы Конституцияда білім негізінен әлеуметтік саланың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылса, жаңа жобада ғылым, білім және инновация ел дамуы мен ілгерілеуінің негізгі қозғаушы күштері ретінде белгіленген. Бұл қағидат Конституция жобасының алғашқы жолдарынан бастап бекітіліп, әрбір тармақтың мұқият әрі жауапкершілікпен пысықталғанын аңғартады», — деді Мадина Нұрғалиева.

TALQYLAU диалог алаңына қатысушылар ғылым мен инновацияларды негізгі заң деңгейінде стратегиялық басымдық ретінде тану Қазақстанның орнықты дамуына берік негіз қалыптастыратынын атап өтті. Алдағы кезеңде заңнамалық базаны жаңғырту бойынша ауқымды жұмыс жүргізіледі. Жаңа Конституция жобасында ұсынылған нормалар елімізді технологияны тұтынушыдан оны өндіруші мемлекетке айналдыруды көздейді.

Бетті дайындаған Айсұлу СЫЕЗХАН

БАҒДАР

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫНЫҢ
ИДЕЯСЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Астанада «AMANAT» партиясы жанындағы Азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі Мірас республикалық кеңесінің отырысы өтті. Жиын барысында «Құндылыққа негізделген қоғам: Ұлттық құрылтай көтерген міндеттер мен азаматтық жауапкершілік» тақырыбы талқыланып, мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі ретінде танылған мәдениет пен ұлт руханиятын дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Алқалы жиынға Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері, көрнекті қаламгерлер, ғалымдар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және бейнеконференц-байланыс режимі арқылы өңірлердегі партияластар қатысты.

Сөз басында Мәжіліс депутаты, Кеңес төрағасы Аманжол Әлтай елімізде мемлекет болашағы үшін айрықша маңызға ие Ата Заңның жаңа жобасы пысықталып жатқанын мәлімдеді.

«Ата Заң халықтың алдында, халықпен бірге талқыланып отырғаны — бүгінгі реформаның басты ерекшелігі. Мұның өзі — Мемлекет басшысы алға қойған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жарқын мысалы. Конституцияның жаңа мәтінінде Егемендігіміздің еңсесін тіктеп,

Тәуелсіздігіміздің тұғырын биіктететін көптеген артықшылықтар бар. Елдің болашағы, ұлттың мүддесі, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік — мемлекеттің ең басты қағидасы. Оны әрбір азамат қадірлейді, көзінің қарашығындай қорғауға тиіс», — деді Аманжол Әлтай.

Жаңа Конституция жобасының басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация айқындалды. Мәселен, 3-баптың бірінші тармағында, Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары қатарында «тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау» деп анық жазылды. Кеңес төрағасының айтуынша, бұл өзгерістер — мемлекет болашағы ендігі танда адами капиталға және азаматтардың жетістіктеріне тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Сондай-ақ жаңа преамбулада басты құндылықтың бірі ретінде «Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтау» мәселесі айқын жазылды. Сонымен қатар «Заң мен тәртіп», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» сияқты құндылықтар да преамбуланың өзегіне айналды. Осылайша, ел ертеңі, ұлт болашағы жолындағы мызғымас моральдық-құқықтық өзгеріс қалануда.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жанарбек Әшімжанов Ұлттық құрылтайдың соңғы отырыстарында көтерілген бастамалар елдің рухани өзегін нығайтуға бағытталған жүйелі саясат екенін атап өтті.

«Заманауи қоғамда мәдениет саласының экономикалық әлеуеті жоғары болуы шарт. Бұл туралы Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы нақты атап өтті. Бүгінде әлемде креативті индустрия мемлекеттердің жалпы ішкі өнімінің елеулі бөлігін құрайды. Өкінішке қарай, бізде бұл көрсеткіш әлі де төмен деңгейде. Қазақ киносы, музыкасы, анимациясы, әдебиеті ішкі нарықпен шектелмей, жаһандық кеңістікке шығуға тиіс. Бұл үшін не істеу керек? Ұлтымыздың бай мұрасын заманауи талаптарға сай жаңғыртып, авторлық құқықты қорғау жүйесін күшейту, шығармашылық кәсіп иелеріне салықтық және гранттық қолдау тетіктерін жетілдіру, өңірлік мәдени инфрақұрылымдарды жаңарту ауадай қажет», — деді депутат.

Ал Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдықов Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың V отырысында ел дамуына қатысты бірқатар маңызды мәселеге тоқталып, қоғамның мәдени, рухани жаңғыруы мен әлеуметтік экономикалық дамуына басымдық бергенін атап өтті.

«Құрылтай барысында көтерілген бастамалар мен ұсыныстар жұртшылық тарапынан кең қолдау тауып, ел болашағына бағытталған нақты қадамдар ретінде бағаланды. Осы орайда Құрылтайда көтерілген бастамалар бойынша Мәдениет және ақпарат министрлігінің жұмыс жоспары әзірленді. Мемлекет басшысы биыл 100 жылдығы атап өтілетін Наталья Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының және Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының реконструкциялау жұмысын аяқтау міндетін қойды. Осы бағытта біз тиісті мемлекеттік органдармен қаржы мәселесін пысықтап, бұл жұмыстарды дер кезінде аяқтау мақсатында жұмыс жоспарын бекіттік», — деді Айбек Сыдықов.

Сонымен қатар вице-министрдің айтуынша, Алматы, Абай, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының, сондай-ақ Шымкент қаласының әкімдіктеріне театрлар салу бойынша құрылыс жұмыстарын бастауды қамтамасыз ету тапсырылды.

Осы орайда Қазақстан Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева үкіметтік емес ұйымдарға арналған жеке заң қабылдау бастамасы Президент тарапынан қолдау тапқанын мәлімдеді.

«Мықты мемлекет қалыптастыру үшін билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату керек. Ұлттық құрылтай қоғам мен билік арасындағы ашық әрі сенімді диалогтың нақты үлгісі болды. Ең маңыздысы, Құрылтайда айтылған бастамалар жай сөз күйінде қалып қоймай, нақты істерге айналды. Құрылтай нәтижелерінің бірі ретінде осы үкіметтік емес ұйымдарға арналған жеке заң қабылдау бастамасы Президент тарапынан қолдау тапты. Мұндай заң ең алдымен

үкіметтік емес ұйымдардың қызметін нақты реттеп, олардың құқығын қорғауға, жұмысын ашық әрі тиімді етуге мүмкіндік береді», — деді Бану Нұрғазиева.

Бұл ретте Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры Жандос Болдықов Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың V отырысында цифрландыру мен жасанды интеллект арқылы тарихи мұраны сақтау мүмкіндіктеріне ерекше назар аударғанын атап өтті.

«Құрылтайда ұлттық цифрлық мұра құрылымын құру мәселесі мақұлданып, мұрағаттық материалдар мен тарихи ақпараттарды цифрлық түрде сақтау қажет екені айтылды. Бұл бастама цифрлық мұраны жүйелі түрде жинақтап, сақтау және пайдалану үшін арнайы жасалуда. Ұлттық цифрлық мұра білім беру, ғылым және креативті индустрияларды дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл мәдени мұраны терең талдау, кеңінен насихаттау және практикалық тұрғыда қолдану мақсатында жасанды интеллектіні қоса алғанда заманауи технологияларды белсенді пайдалануға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, аталған бастаманы іске асыру Қазақстанның өз тарихи тамырын сақтай отырып, цифрлық дәуірде сенімді дамып келе жатқан мемлекет ретіндегі халықаралық имиджін нығайтуға ықпал етеді», — деді Жандос Болдықов.

Осылайша, жиын барысында Ұлттық құрылтайда көтерілген руханият саласындағы негізгі басымдықтар, отандық театр өнерін дамытудағы мемлекеттік саясаттың рөлі, музей мен архив саласын цифрландырудың маңызы, Ұлттық құрылтайда қабылданған шешімдерді жүйелі жүзеге асырудағы үкіметтік емес ұйымдардың алар орны туралы мазмұнды әңгіме өрбіді.

Жиынды қорытындылай келе, Кеңес төрағасы Аманжол Әлтай отырыс барысында көтерілген барлық мәселе мен айтылған ұсыныс-тілектерге алдағы уақытта да жіті назар аударылатынын жеткізді.

КӨЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

«AMANAT» партиясының Орталық аппаратында партия жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің отырысы өтті. Жиында жол қауіпсіздігі саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және көлік инспекциясының қызметі мәселелері қаралды.

Кеңес мүшелерінің айтуынша, апаттардың негізгі себептері — жылдамдықты шамадан тыс арттыру, көлікті шаршаған немесе мас күйде басқару, жол инфрақұрылымының тозуы және көліктердің техникалық жағдайының талапқа сай болмауы.

Кеңес мүшелерінің сөзінше, елдегі жол-көлік оқиғалары азаймай отыр. Атап айтқанда, жол-көлік оқиғаларының саны 2023 жылы 15 886 болса, 2025 жылы 36 146-ға дейін артқан. Тек 2025 жылдың өзінде жол апатынан 49 мыңнан астам адам зардап шегіп, 2 мыңнан аса адам қаза тапқан. Ең күрделі жағдай Алматы қаласында, сондай-ақ Алматы, Түркістан, Жамбыл және Қарағанды облыстарында тіркеліп отыр.

Кеңес мүшелерінің айтуынша, апаттардың негізгі себептері — жылдамдықты шамадан тыс арттыру, көлікті шаршаған немесе мас күйде басқару, жол инфрақұрылымының тозуы және көліктердің техникалық жағдайының талапқа сай болмауы.

Жиында көлік бақылауы саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселесіне ерекше назар аударылды. 2025 жылы көлік инспекциясы қызметіне қатысты 20 сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқықбұзушылық, ал жол қауіпсіздігі саласында 41 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген. Ең жиі кездесетін заңсыз әрекеттер салмақтық бақылаудан жалтару, жүк тасымалдауға заңсыз рұқсат беру және сыйақы



үшін құқықбұзушылықтарды жасырумен байланысты. Сонымен қатар шамадан тыс жүк тиелген жүк көліктері асфальттардың тозуына әкелетін негізгі факторлардың бірі екені атап өтілді. Ал оны қалпына келтіру үшін жыл сайын бюджеттен қомақты қаражат жұмсалды.

Кеңес мемлекет тарапынан жол инфрақұрылымын дамыту, автоматты фото және бейнефиксация жүйелерін енгізу, жол қауіпсіздігі аудитін жүргізу және жекелеген процестерді цифрландыру бойын-

ша қабылданып жатқан шараларға оң баға берді. Алайда инспектор мен жүргізуші арасындағы тікелей байланыстың сақталуы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататыны да айтылды.

Талқылау қорытындысы бойынша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Республикалық кеңес мынадай ұсыныстар берді: көлік құралдарының салма-

ғын өлшейтін автоматтандырылған бекеттерді енгізуді жеделдету; құқықбұзушылықтарды автоматты түрде тіркеу жүйелерін кеңінен қолдану; көлік органдарының деректер базасын құқық қорғау органдары мен сақтандыру компанияларының цифрлық платформаларымен біріктіру; техникалық байқау стансаларының қызметіне бақылауды күшейту; бақылау рәсімдерінде адами факторды барынша азайту.

Сондай-ақ көлік бақылауын ұйымдастыру кезінде оңтүстік, батыс, солтүстік және шығыс өңірлердің ерекшеліктерін ескеру қажет екені де атап өтілді.

Кеңес мүшелерінің пікірінше, аталған шараларды жүзеге асыру жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға, жол инфрақұрылымының сақталуын қамтамасыз етуге және көлік саласындағы сыбайлас жемқорлықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

РЕФОРМА

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

ҚОҒАМНЫҢ ҰСЫНЫСЫ ЕСКЕРІЛДІ

Астанада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. 24 қаңтарда басталған басқосулар Ата Заңның жаңа жобасын талқылауға арналып келеді. Бұл жолы да қоғамның ұсыныстары ескеріліп, құжат мәтіні зерделенді.

Мадияр ТӨЛЕУ

Алдымен Конституциялық Соттың төрағасы Эльвира Әзімова халықпен ашық диалог жалғаса беретінін айтты. Оның сөзінше, қазір комиссия хатшылығына e-Otinish платформасынан 4 мыңнан астам ұсыныс келген. Сонымен бірге Конституция жобасының жекелеген баптарының редакциясын жетілдіруге бағытталған нақты әрі мазмұнды ұсыныстар да келіп жатыр.

Комиссияның сегізінші отырысында Бас прокурордың орынбасары Жандос Өмірәлиев жаңа Конституция жобасындағы 18-бапты орыс тілінде нақтылай түсуді ұсынды.

— Осы баптың 2-тармағында «Сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды» деп көрсетілген. Бұл — жалпы дұрыс. Дегенмен орыс тіліндегі аудармасында «мерзімнен артық ұстау» деген шешуші ұғым көрсетілмей қалған. Сол себепті кейбір мамандар «сот шешімінсіз күдіктіні ұстауға мүлдем болмайды» деп түсіну қаупі бар екенін айтуда. Мәтін мазмұнына қарасақ, расында да дәл солай. Кісі өлтіру, басқа да қоғамға қауіпті қылмыстар кідірісті көтермейтіні анық. Қылмысты тоқтату, күдіктіні дереу оқшаулау — құқыққорғау қызметінің

ең негізгі міндеттерінің бірі. Тек осыдан кейін ғана сот оны күзетпен ұстау туралы шешімді қабылдайды. Бұл дүниежүзілік тәжірибе саналады. Конституцияның әрбір нормасы анық, түсінікті болуы керек. Сондықтан талқылаудағы осы норманы заң техникасы тұрғысынан қайта қарап, нақтылауды ұсынамын, — деді Жандос Өмірәлиев.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин қолданыстағы Конституцияның қазақша редакциясындағы калька ұғымдарды атады.

— 1995 жылы қабылданған Конституцияда кездесетін өрескел қателер, әртүрлі құқықтық шешімдерге жетелейтін терминдер мен тіркестер анықталды. Мысалы, қазіргі Конституцияда «Мемлекеттік Гимн» деп жазылған. Мұны көпшілік «Мемлекеттік Әнұран» деп қолданады. Комиссия мүшелері Конституция жобасына «Мемлекеттік Әнұран» деп енгізуді ұсынды. «Әнұран» — тілімізге әбден енген сөз әрі мағынаны толық береді. Сол секілді, «әскерилендірілген құрамалар құруға» сөзі «әскерилендірілген жасақтар құруға» деп өзгертілді. «Құрама» сөзі қазір мүлде басқа мағынада қолданылады. «Жасақ» сөзі норманың мәнін толық ашып тұр, — деді ол.

Сондай-ақ қолданыстағы Конституцияда «Сайлау тағайындайды» деген сөздің де заң тіліндегі



мағынасына назар аударылғанын айтты. 1995 жылы қабылданған Ата Заңда «азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады» деген сөйлем бар. Калька аударма екені бірден байқалып тұр. Сондықтан оны «кешірім беру туралы шешім қабылдайды» деп өзгерту ұсынылған. «Түбегейлі принциптер» деген тіркес «Негіз құраушы қағидаттар» деп алыныпты.

Бұған қоса Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин жаңа Конституцияның жобасында ескірген, мағынасы өзгерген сөздер қайта қаралғанын айтты. Оның сөзінше, қазіргі Ата Заңда кезінде қолданылған, қазір ұмыт бола бастаған «мемлекеттік қауіпсіздік», «телеграф», «тектік-топтық араздық» секілді терминдер болатын. Соның бір мысалы — «мемлекеттік қауіпсіздік» деген сөз тіркесі. Ол — Кеңес дәуірінде кенінен қолданылған сөз тіркестерінің бірі. Қазір мұндай

термин мүлдем қолданылмайды. Оны орнына көп жылдан бері «ұлттық қауіпсіздік» деген сөз тіркесін, атауды қолданып жүрміз.

Ерлан Карин 1995 жылы қабылданған Ата Заңда «тосқауылдарға тұруға» деген сөз тіркесі кездесетінін атап өтті. Қолданыстағы заңда осы тіркес «пикет өткізуге» деген мағына беру керек еді. «Халылы», «халысы жоқ» деген сөздер қазір мұндай формада айтылмайды. Сол себепті, «құқылы, құқығы бар», «құқылы емес, құқығы жоқ» деп жазылған. Сонымен қатар қазақ тілінде қате қолданылып жүрген «болып табылады» деген сөз тіркесі барлық жерден алынып тасталды.

Мемлекеттік кеңесшінің айтуынша, 1995 жылы қабылданған Ата Заң мәтініндегі тілдік және құқықтық-терминологиялық қателіктерге, мағыналық және ұғымдық дәлсіздіктерге, стилистикалық-грамматикалық сәйкессіз-

діктерге, құқықтық-лингвистикалық қайшылықтарға назар аударылған. Ерлан Карин жұмыстардың нәтижесінде жаңа Конституцияның мәтіні 1995 жылы қабылданған Ата Заңмен салыстырғанда сапалық, мазмұндық тұрғыдан жақсарғанын және ұғынықты, түсінікті бола түскенін айтты.

Бұдан бөлек, жиында Мәжіліс депутаты Айдарбек Қожаназаров Конституцияда «Қазақстанның ұлттық валютасы — тенге» деп нақты бекіту бастамасын көтерді. Ал Конституциялық комиссия мүшесі, «М.Нәрікбаев атындағы университет» АҚ басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаев комиссия жұмысы барысында Ата Заңның қазақ тіліндегі мәтінін жетілдіру бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, еліміздің заңгерлер қауымында ұзақ уақыттан бері Конституцияның қазақ тіліндегі мәтініне қатысты бірқатар өзекті мәселе көтеріліп келген. Осыған байланысты профессорлар e-Otinish платформасы арқылы нақты ұсыныстар жолдап, олардың негізінде Ата Заңның қазақ тіліндегі мәтінімен жұмыс істейтін арнайы топ құрылып, жүйелі әрі нәтижелі жұмыс жүргізілген.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы Нұрлан Дулатбеков Ата Заңның жаңа жобасында білім орындарын діни идеологиядан ажырату жөнінде баяндады. Ғалымның сөзінше, 33-баптағы рухани білім ордаларынан басқа оқу орындарында білім беруді ұйымдастырудың зайырлы сипаты туралы 5-тармағының жаңа нұсқасы ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл мәтіндік тұжырым діннің мемлекеттен бөлектігі қағидасына толықтай сәйкес келеді.

Конституция — мемлекеттің құқықтық іргетасын айқындайтын негізгі заң ғана емес, елдің болашақ даму бағытын белгілейтін стратегиялық құжат.

Тәуелсіздік жылдарында Конституция мемлекет қалыптастырудың, егемендікті нығайтудың және институционалдық тұрақтылықты орнықтырудың басты тірегіне айналды. Ал бүгінгі тарихи кезеңде ол жаңа мазмұнмен толығып, қоғамдық дамудың философиялық негізін айқындайтын деңгейге көтеріліп отыр.

Жаңа редакциядағы Конституцияны талдай отырып, мемлекеттің даму логикасы енді тек басқару құрылымдары немесе экономикалық көрсеткіштер арқылы емес, ең алдымен, адам арқылы қарастырылатынын аңғаруға болады. Бұл — стратегиялық әрі мазмұндық тұрғыдан аса маңызды бетбұрыс. Себебі қазіргі әлемде елдің бәсекеге қабілеттілігі табиғи ресурстармен емес, азаматтарының білім деңгейімен, ойлау мәдениетімен, зияткерлік әлеуетімен және жауапкершілік сапасымен өлшенеді.

Осы тұрғыда Конституцияда адами капиталды, білім мен ғылымды дамыту мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты ретінде бекітілуі Қазақстанның даму бағдары әлемдік үрдістермен үндес

АТА ЗАҢ — ҚҰНДЫЛЫҚТАР КОДЕКСІ



екенін көрсетеді. Мемлекет тек экономикалық өсімді емес, ойлай алатын, жауапкершілікті сезінетін, білімге сүйенетін азаматты қалыптастыруды басты мақсат етіп отыр.

Адами капитал ұғымы бұл жерде кең мағынада қарастырылады. Ол тек формалды біліммен шектелмейді. Оның құрамына ғылыми ойлау қабілеті, инженерлік мәдениет, кәсіби сараптама, шешім қабылдаудағы жауапкершілік және салдарын алдын ала бағалай білу дағдысы кіреді. Осы қасиеттердің жиынтығы ғана мемлекеттің орнықты дамуына негіз болады.

Конституцияның дәл осы тарихи кезеңде қабылдануы елдің ең жоғары заңдық деңгейінде бір қа-

рапайым, бірақ қағидатты шындықты бекітеді: мемлекет адамнан жоғары емес, керісінше, адамның әлеуетін ашу үшін қызмет етеді. Бұл қағида жаңа Конституцияның ішкі логикасын, оның рухын айқындайды.

Бұл ұстаным Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдағы және шетелдік сапарлар барысында айтқан ойларымен де толық үндеседі. Президент Жапонияға жасаған сапарында аталған елдегі ерекше тазалыққа назар аударып отырып, оның себебі қатаң бақылауда немесе коммуналдық қызметтердің көптігінде емес, әрбір азаматтың ішкі мәдениетінде жатқанын атап өтті. Тазалық — адамның ішкі тәртібі мен жауапкершілігінің көрінісі, ал ол уақыт өте келе бүкіл қоғамның нормасына айналады.

Бұл ой Президенттің Ұлттық құрылтайдағы сөзінде де жалғасын тапты. Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» бастамасын бірреттік науқан немесе ұран емес, ұлттық идеологияның ажырамас бөлігі ретінде сипаттады. Оның мәні — сыртқы тазалықта емес, ішкі тәртіпте, еңбекке, табиғатқа, қоғамдық кеңістікке деген жауапкершілікті көзқараста.

Осы тұрғыдан алғанда, Конституция — тек құқықтар мен міндеттердің жиынтығы емес, құндылықтар кодексі. Ол адамның

мемлекетке, табиғатқа, білім мен еңбекке деген көзқарасын қалыптастырады. Бір адамның жауапкершілік мәдениеті көпшіліктің нормасына айналған кезде, адами капитал абстрактілі ұғымнан нақты қоғамдық күшке айналады.

Ұлттық құрылтайдағы сөзінде Президенттің су, климат, энергетика және табиғи ресурстар мәселесіне қайта-қайта оралуы да кездейсоқ емес. Арал теңізінің тағдыры, су дипломатиясы, энергетикалық дербестік — мұның барлығы бір ғана сала немесе бір ведомство шеңберінде шешілмейтін күрделі мәселелер. Олар ғылымды, инженерияны, экологияны және мемлекеттік басқаруды тоғыстыратын пәнаралық тәсілді талап етеді.

Осы тұрғыда Қазақстанда пәнаралық тәсілге негізделген институционалдық тәжірибе біртіндеп қалыптасып келеді. Бұған Экология және табиғи ресурстар министрлігінің азаматтық бастамаларға ашық көзқарасы, ғылыми негізді сараптамаға жүгінуі нақты дәлел бола алады. Соның бір мысалы — атмосфераны көмірқышқыл газынан тазартуға қатысты ұсыныстың Мемлекет басшысының атына жолдануы.

Аталған бастама Экология және табиғи ресурстар министрлігі тарапынан назарға алынып, ғылыми тұрғыдан бағалау қажеттілігі туындады. Осы орайда Ғылым

және жоғары білім министрлігі бастамашы болып, талқылау алаңы ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін елдегі жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының бірін айқындады. Бұл тандау да кездейсоқ емес: дәл осы университет ғылыми ой мен инженерлік сараптаманы тоғыстыратын платформа ретінде танылған.

Талқылауды ұйымдастыруда негізгі үйлестіруші рөлді Халықаралық жасыл технологиялар орталығы мен Қазақстан Ұлттық инженерлік академиясы атқарды. Олардың қатысуымен экология, минералдық және табиғи ресурстар саласындағы ғылыми-зерттеу институттарының мамандары, инженерлер мен сарапшылар бас қосып, ұсынысты жан-жақты қарастырды. Бұл тәжірибе Қазақстанда күрделі экологиялық және технологиялық мәселелерді шешуде ғылыми дәлелдер мен кәсіби есептерге сүйенетін жаңа мәдениеттің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Жаңа Конституция елдің құқықтық негізін ғана бекітіп қоймай, мемлекеттің стратегиялық даму логикасын айқындайды. Оның өзегінде — адам, оның білімі, ойлау мәдениеті мен жауапкершілігі тұр. Адами капиталға, ғылым мен білімге, пәнаралық тәсілге сүйенген даму жолы Қазақстан үшін жай тандау емес, тарихи қажеттілікке айналып отыр.

Гүлбазар МЕДИЕВА,
Қазақстанның Ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті, Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының ғылыми кеңесшісі

АДАМ & AI

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Бүгінгі өркениетті елдер ақпараттық технологиялық жаңаруда жарысқа түсіп жатқандай. Әрқайсысы жаңа жүйелер, жасанды интеллект және цифрлық сервистер арқылы қоғам өмірін жеңілдетуге ұмтылуда. Дегенмен бұл жарыстың көлеңкесінде тек жеңістер ғана емес, қауіп-қатерлер де бар.

**Тілегүл
ЕСДӘУЛЕТ**

XXI ғасырдың озық әрі тез дамып келе жатқан технологияларының бірі — жасанды интеллект. Бұл тек бағдарлама құрастыру немесе робот жасау ғана емес, адамның білімін, тәжірибесін және логикалық тұжырымдарын жаңа деңгейге шығаратын технологиялық революция. Ол өмір сапасын өзгертіп қана қоймай, адам капиталының жаңа даму стратегиясын қалыптастырады деп күтілуде. Зерттеушілер цифрландыру саласында әлем жасанды интеллект пен автономдық жүйелерді өмір мен бизнестің барлық саласына терең интеграциялау кезеңіне аяқ басты, бұл еңбек нарығының құрылымын айтарлықтай өзгертеді. Мұндай жағдайда адам капиталының жаңа моделін дамыту, мамандарды дайындау және адамдардың жүйелерді қолдана білуімен қатар, күрделі ЖИ жүйелерін басқаруға қабілетті болуына басты басымдық берілуі керек дейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауында жасанды интеллекттің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатқанын айтты. Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе, артта қалудың салдары өте ауыр болады. Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек», — деді.

Бұл стратегиялық мақсат еліміздің экономикасының тиімділігін арттырып қана қоймай, білім беру, медицина, өндіріс және коммуникация салаларында жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Алайда сала мамандарының пайымдауынша, цифрлық жаңғыру барлық салада бірдей оң нәтиже бермеуі мүмкін. Интернет инфрақұрылымы мен цифрлық сауаттылық деңгейі әр жерде әртүрлі, сондықтан технологиялық даму мен әлеуметтік теңдікті қатар ұстану — басты міндет саналады. Сондай-ақ жаңа мүмкіндіктер тек цифрлық құралдардың көптігімен емес, олардың азаматтарға нақты пайда әкелуімен өлшенуі керек. Әйтпесе, технологиялық прогресс қоғамды біріктіретін емес, бөлетін факторға айналуы мүмкін.

**АЛГОРИТМ АДАМДЫ
БАСҚАРМАСЫН ДЕСЕК...**

Осы орайда Үкімет жедел шаралар қабылдап, салалық ведомствоға ғана емес, барлық салалық мемлекеттік органдар мен

жылғы KazMedia Survey зерттеулеріне сәйкес, жастардың 43%-ы әлеуметтік желілердегі фейк жаңалықтарға сенуге бейім болса, CyberCrime Report зерттеулері алаяқтық схемалардан зардап шеккен қазақстандықтардың саны 2021-2023 жылдары 32%-ға өскенін анықтаған.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, Экономикалық саясатты талдау бөлімінің бас сарапшысы Әсел

сұрағанымызда, «Алгоритмдермен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларына цифрлық сауаттылық, аналитикалық ойлау, ЖИ-ге міндеттерді қою қабілеті, нәтижелерге талдау жасау, оқытудың икемділігі мен жылдамдығы секілді бірқатар шартты жатқызуга болады» деп түсіндірді.

— Қарапайым нәрседен бастасак, бүгінде алгоритмдер бізге қандай жаңалық көрінетінін, қандай жұмыс ұсынылатынын, тіпті не сатып алатынымызды да анықтап отыр. Біз көбіне неге дәл осы ақпарат алдымыздан шыққанын ойламаймыз, бірақ оның артында алгоритм тұрғанын білмейміз. Сондықтан мәселе алгоритмнің қалай әсер ететінін түсінуде. Алгоритмді дұрыс қолдану оны соңғы шешім деп қабылдамау. Ол тек нұс-

ция ретінде адамзатқа әсер етуге дайын тұр. Бұрынғы OpenAI зерттеушілері мен киберқауіпсіздік сарапшыларының болжамынша, он жыл ішінде ЖИ-дің әсері өнеркәсіп революциясынан асып түсуі мүмкін. Бұл тек өндіріс пен экономикаға ғана емес, адамның қабілеттеріне, ойлау тәсіліне және білім алуына да әсер етеді. Сонымен қатар еңбек нарығына, тіпті күнделікті өмірге түбегейлі өзгерістер әкелетін тегеурінді күш дейді. Сондықтан заманауи технологияны сауатты қолдана білетін, жасанды интеллектті басқаруға қабілетті, ақылды адам интеллектісін жетілдіру бүгінгі қоғам үшін аса маңызды. Болашақта әрбір азамат тек ақпаратты тұтынушы емес, оны талдай білетін, ЖИ мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білетін жаңа заман адамына айналуға тиіс.

— Жаңа дәуірдің адамы жасанды интеллектке қашатын да адам емес. Бұл шекара қоя алатын адам. Мұны балалар мен оқу мысалынан анық көреміз, үй тапсырмасын бір батырмамен орындауға болса жұмыс емес, ойлау процесі жоғалады! Ата-ананы алаңдататыны баланың өз бетімен ойлану дағдысынан айырылу қаупі. Алдағы уақытта үйрену, қайта үйрену және шешім үшін жауапкершілік алу қабілеті аса маңызды болады. Негізгі сынақ адамның өзінде, — дейді А. Забиров.

Маманның пікірінше, технологиялық төңкеріс ЖИ-ге сынақ емес, негізгі сынақ адамның өзінде дейді. Бұл заманауи қарай адамы немесе адамына қарай заманы деген жалпыадамзаттық мәңгілік сауалға ұқсайды десек болады. Дегенмен еліміз үшін бұл сынақ тек ғылыми фантазия емес, адам капиталын дамыту бағытындағы стратегиялық міндет. Мемлекет осы бағытта цифрлық сауаттылықты арттыру, білім беру жүйесін жаңарту және кәсіби даярлық бағдарламаларын дамыту арқылы әр азаматтың ЖИ мүмкіндіктерін тиімді пайдалуына мән береді. Сонымен қатар жоғарыда айтқанымыздай, ауылдық елді мекендерге спутниктік интернет енгізу, нарыққа жаңа операторлардың шығуы және Direct-to-Cell технологиясының дамуы елдің барлық тұрғындарына заманауи байланыс құралдарына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Қазірдің өзінде Astana Hub технопаркi Industrial AI Accelerator бағдарламасы аясында тау-кен өндірісі, энергетика, медицина, қаржы технологиялары және мемлекеттік қызметтер салаларында жасанды интеллектті енгізуде 27 қанатқақты жобаны іске қосты. Ал адам капиталын дамыту мақсатында министрлік алдағы 5 жылда 1 млн адамды жасанды интеллектімен жұмыс істеу дағдыларына үйретуді жоспарлап отыр. Бұл бағытта Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылып, онда білім беру, зерттеу, стартаптарды қолдау бағытындағы жобалар жүзеге асырылады. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Astana Hub-пен бірлесіп, еліміздің азаматтарын цифрлық болашаққа дайындауға маңызды қадамдар жасап жатыр.

АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ МОДЕЛІ



Өбен «Жаңа шындыққа бейімделу: экономикалық саясаттың жаңа кезеңі» атты мақаласында «Цифрландыру саласында әлем жасанды интеллект пен автономдық жүйелерді өмір мен бизнестің барлық саласына терең интеграциялау кезеңіне аяқ басты, бұл еңбек нарығының құрылымын айтарлықтай өзгертеді. Мұндай жағдайда басты басымдық — адам капиталын дамыту: мамандарды дайындау, олар тек жүйелерді қолдана білумен шектелмей, күрделі ЖИ жүйелерін басқаруға қабілетті болуға тиіс» дейді. Ал КСЗИ бас ғылыми қызметкері Айгүл Забиров: «Біз адам капиталының жаңа моделін қалыптастырудың куәсі болып табылатынымызға күмән жоқ, онда білім ғана емес, жаңа технологиялармен жұмыс істеу қабілеті де бағаланады. Алгоритмдермен бірлесіп жұмыс істей білу қабілеті жасанды интеллект буынының негізгі дағдысына айналады деп айтуға болады. Бұл бүгінде қандай дағдылардың сұранысқа ие болуына тікелей әсер етеді», дейді.

Осы орайда біз Айгүл Забировадан «Алгоритмдерді меңгерудің және оны дұрыс қолданудың маңыздылығы деген не?» екенін

**2023 жылғы
Стратегиялық
жоспарлау және
реформалар агенттігінің
мәліметтері бойынша,
Қазақстан халқының 85%-ы
интернетті тұрақты
пайдаланады, ал 15-24 жас
аралығындағы жастардың
интернет қолдану
көрсеткіші 97%-ға
жеткен.**

қа ұсынады, ал жауапкершілік адамда қалуы керек. Егер осы айырмашылық жоғалса, технология адам орнына ойлай бастайды, — дейді маман.

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
ТӨҢКЕРІС:
НЕГІЗГІ СЫНАҚ КІМ?**

Шындығында, жасанды интеллект өркениетті өзгертетін индустриялық револю-

СЕРПІН

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Еліміздің көлік-транзиттік әлеуеті жыл сайын артып келеді. Мемлекет тарапынан жасалған қолдау нәтижесінде жүк тасымалының көлемі өсті. Әсіресе, Қытай, Еуропа, Орталық Азия, Таяу Шығысқа шығатын жолдар арқылы қарым-қатынас жүйеленіп жатыр. Алда транспорттық қарқынды дамыту мақсаты тұр.

ҚАЗАҚСТАН — ЕУРАЗИЯНЫҢ ТАСЫМАЛ ТОРАБЫ

Мемлекет басшысы жуырда Пәкістанға жасаған мемлекеттік сапары аясында екі ел арасындағы транзиттік және логистикалық мүмкіндік жайын талқылаған болатын. Сонымен қатар Пәкістанның Карачи және Гвадар порттарының әлеуеті, Транскаспий көлік дәлізін дамыту, Қазақстан — Түрікменстан — Ауғанстан — Пәкістан бағытындағы теміржол бағытын іске асыру перспективаларына тоқталған еді. Бұл жөнінде Жолдауда да айтылып, көлік-транзиттік әлеуетін дамытудың нақты бағытын айқындап берген болатын.

Таяудағы Үкімет жиынында да Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабына айналдыру бойынша стратегиялық міндет қойылғаны аталды. Үкімет дерегінше, 2023 жылы транзиттік тасымалдау көлемі 19 пайызға өсіп, 24,8 млн тоннаны құраған. 2024 жылы транзиттік жүк көлемі өткен жылмен салыстырғанда 5 пайызға өсіп 27,4 млн тоннаға жеткен. 2025 жылы 10 айында негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалған. Көлік қызметтерінің көлемі 20,7%-ға өсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 18,4%-ға артты. Ал транзиттік жүктердің көлемі 29,4 млн тоннаға жетті, оның өсу деңгейі 5%-ды құрайды. Транспорттық жүк тасымалдау әлеуетін 2029 жылға дейін 67 млн тоннаға дейін көтеру межесі бар. Демек, транспорттық тасымал көлемі жылдан-жылға артып келеді. Бұл көрсеткіштер көлік-транзитін дамыту керек дегенді аңғартып тұр.

Логистика саласының маманы Мейірбек Өтепеліміздің логистика саласын өркендету бастамасын оң бағалайды. Ол Қазақстан Еуропа мен Азия арасында үлкен логистикалық хабқа айналу ісін жеделдетіп, жол-құрылысы материалдарын жасайтын зауыттар құру қажет деп біледі.

— Транспорттық-логистиканы қолға алып, Еуропа мен Азия арасында үлкен логистикалық хабқа айналдыру — жақсы бастама. Қазақстан — Түрікменстан — Ауғанстан — Пәкістан бағытындағы теміржол бағытын іске асыруды дйттейді. Бұл жолды салуға темір, тас, смола, әртүрлі қосынды материал керек. Сондықтан жол-құрылысына қажетті материалдар жасайтын зауыттар құрылысын көбейту керек. Әйтпесе, Қытай, Ресейден жол-құрылыс материалдарын тасуға тура келеді. Біз 50-60 пайыз сол елдерді керекті заттармен қамтамасыз етсек, өзімізде жұмыс орындары ашылады. Әсіресе, Ауғанстан тұсында жүктердің аман-есен, қауіпсіз өтуіне кепілдікті барынша пысықтап алған жөн. Қазақстан аумағынан жүк көліктері, туристік саяхат жасаушылар 2-3 мың шақырымда жүріп



өткенде, үлкен қолайлылықты сезініп, ғажап әсер алып өтуге тиіс. Осы жолдардың бойында автожол, теміржол бекеттері маңында түрлі сервистік қызмет, тегін интернет желісін де іске қосайық. Егер Пәкістанның Карачи мен Гвадарына шығуға мүмкіндік алсақ, логистикалық тынысымыздың ашылғаны болар еді, — деп санайды маман.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАБЫС ТЕТІГІ

Елдің халықаралық бағыттарыдағы логистикалық дәліздердің дамуымен қатар, ішкі жолдардың жандануына да баса мән берілетін көрінеді. Көлік министрлігі дерегінде, транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамыту шеңберінде теміржол саласында өткізу қабілетін арттыру мақсатында бірқатар негізгі инфрақұрылымдық жоба іске асырылды. «Достық — Мойынты» учаскесінің екінші жолдарында (ұзындығы — 836 шақырым, нәтижесі — өткізу қабілеті 5 есе өсті (12-ден 60 пойызға дейін) және Алматы айналма теміржолы (ұзындығы — 75 шақырым, жүктерді жеткізу мерзімі 24 сағатқа дейін қысқарды және Алматы теміржол торабы 40% босады) бойынша қозғалыс іске қосылмақ. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті және Global DTC компаниясы арасындағы бірлескен жоба шеңберінде кедендік ресімдеу процестерінің ашықтығын арттыру және автоматтандыру мақсатында кедендік транзитті қағазсыз ресімдеуді көздейтін Tez Customs платформасында сервисті енгізу бойынша жоба іске асырылды. Мұның нәтижесі — Қазақстан мен Қытай шекарасында кедендік транзитті ресімдеу процесін автоматтандыру, транзиттік декларацияларды ресімдеу және шығару уақытын жүк келген сәттен бастап 30 минутқа дейін қысқарту, адами факторды барынша азайту, сондай-ақ қағаз құжаттарының айналымын толық алып тастау. Сондай-ақ жүктер қозғалысының online-мониторингі жүзеге асырылмақ. Тасжол

мәселесі бойынша Мемлекет басшысы «Бейнеу — Сексеуіл» «Орталық — Батыс» жобасын қолдады, ұзындығы — 725 шақырым, іске асыру мерзімі — 2026-2029 жылдар. Автожолды салудың техника-экономикалық негіздемесі әзірленді, мемлекеттік сараптамадан өтті, қазіргі уақытта жобаны Еуропалық қайта құру және даму банкі, сондай-ақ Дүниежүзілік банкі жағынан қаржыландыру мәселесі пысықталуда делінген министрліктің бізге дерегінде. Қазақстанның көлік-транзиттік әлеуеті — бұл жай ғана инфрақұрылым емес, бұл — ел экономикасының стратегиялық артықшылығы. Біздің географиялық орналасуымыз Еуропа мен Азияның ортасында тұр, сондықтан

да сервистік бизнес дамиды. Теміржол күшейсе, логистикалық орталықтар, қоймалар, кедендік қызметтер көбейеді. Бұл дегеніміз — жаңа жұмыс орындары, шағын және орта бизнеске мүмкіндік, өнімдердің дамуы. Тағы бір маңызды әсері — Қазақстанның экспорттық әлеуеті өседі. Себебі дамыған инфрақұрылым тек транзитке емес, өзіміздің тауарды сыртқа шығаруға да тиімді жағдай жасайды. Логистика арзандаса, біздің өнімнің бәсекеге қабілеті артады. Көлік

дәліздері — бұл тек экономика емес, бұл — геосаясат. Қай ел арқылы негізгі жүк ағындары өтсе, сол елдің маңызы артады. Қазақстан бүгінде Еуразиядағы баламалы әрі қауіпсіз бағыт ретінде қарастырылып отыр. Бұл бізге инвестиция тартуға, халықаралық серіктестікті нығайтуға және аймақтағы рөлімізді күшейтуге мүмкіндік береді, — дейді қаржы сарапшысы.

ЖОЛ САЛУ ІСІ ЖАЛҒАСАДЫ

Көлік министрлігінің мәліметінше, қазір Қазақстан арқылы 13 халықаралық көлік дәлізі өтеді. Соның 5-уі теміржол, 8-і автомобиль дәліздері. 2026 жылы бірқатар маңызды өзгеріс пен жетілдіру күтілуде. Бұл өзгерістер еліміздің

тын Достық — Мойынты толық іске қосылды. Бұл жоба қабілетін 5 есеге арттырып, Шығыс — Батыс бағытындағы дәліздерді тартымды етеді. 75 шақырым учаскеде Алматыны айналып өту жобасы салынып, пойыздардың жүріп өтуі жүзеге асырылуда. Дарбаза — Мақтаарал 152 шақырым, Қызылжар — Мойынты 329 шақырым, Бақты — Аягөз 297 шақырым жобаларын іске асыру жалғасуда. Бейнеу — Маңғыстау, Шалқар — Бейнеу, Алтынкөл — Жетіген, Ақсу — Семей және Қызылжар — Шалқар учаскелерінде модернизациялау жүргізілуде. Автомобиль жолдары саласында осы жылы 11 мың шақырым жол жөндеу жұмыстарымен қамтылады. Басым бағыттар — Жезқазған — Қарағанды, Ақтөбе — Ұлғайсын, Сарыағашты айналып өту және Атырау — Доссор учаскелері. 2026 жылы теңіз порттарының қуатын кеңейту үшін Ақтау портында тереңдету жұмыстары басталады. Құрық портындағы «Саржа» көпфункционалды терминалын салу жалғасады. Дәліздердің интеграциясы мен үйлесімділігі жақсарады. Қазақстан аймақтық және халықаралық серіктестерімен бірлесіп, транзиттік маршруттарды үйлестіру бойынша шаралар қабылдануда. Бұл әсіресе Солтүстік — Оңтүстік, Шығыс — Батыс бағыттары бойынша логистикалық ағындарды тұрақтандыруға септігін тигізеді. Цифрлық платформа мен цифрландырудың рөлі артады. Біріккен ақпараттық жүйелер, «жасыл» дәліздер, электрондық кедендік рәсімдер және логистикадағы автоматтандыру транзиттік процестерді тездетіп, құжат айналымын айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл коммерциялық операторлар үшін Қазақстан бағытын тартымды етеді, — деді министрлік өкілі.

Айта кетейік, трансшекаралық хабтарды құру мен дамытудың мақсаттары, міндеттері және тәсілдері Қазақстанның көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында көзделген. Үкіметтің 2025 жылғы күздегі отырысындағы дереккөздеріне барлығы бес трансшекаралық хабтын инфрақұрылымдық базасы қамтамасыз етілуде. «Орталық Азия» өнеркәсіптік кооперация орталығы үшін теміржол желісі салынып жатыр екен. «Нұр жолы» автомобиль өткізу пунктін айналма жолы жөндеуден өтуде. Ақтау портында контейнерлік хабтын бірінші кезеңі аяқталуға жақын. Құрық портында көпфункционалды терминал құрылысы жүріп жатыр. Теміржол және порт инфрақұрылымдары транзиттік ағындарды өңдеуге бағытталған көрінеді.

Токетері, біздің елде «Қазақстанның көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың» 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленген. Сондай-ақ биыл шілдеге дейін «Е-жолдар» жүйесі жолдардың жағдайын есепке алу, ақауларды тіркеу және жұмыстардың орындалуын онлайн-режимде бақылау құралы іске қосылмақ. Ақтау теңіз порты ұлғайтылып жатыр. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін жаңғырту жұмыстары тәмамдалып келеді. Соның нәтижесінде 5 өткізу пункті іске қосылмақ. Осы аталған көрсеткіштер нәтижесінде еліміздің шикізатқа деген тәуелділігі азайып, қосымша жұмыс орындары ашылып, ел қазынасы толығымен түседі деген сенім мол.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ



Транспорттық жүк тасымалдау әлеуетін 2029 жылға дейін 67 млн тоннаға дейін көтеру межесі бар.

Қазақстан табиғи түрде құрлықтағы негізгі логистикалық көпір рөлін атқара алады деп сараптайды қаржыгер Бексұлтан Тұрсынбекұлы. Қаржы сарапшысының сараптауынша, транзит бұл Қазақстанның болашақтағы «жаңа мұнайы» екен. Бірақ айырмашылығы — бұл сарқылмайтын, технология мен басқаруға байланысты өсетін табыс көзі деп есептейді.

— Транзиттен түсетін табыс — мұнай немесе металл сияқты шикізат емес, бұл — тұрақты қызмет көрсету экономикасы. Яғни, біз өз аумағымыз арқылы өтетін әрбір жүк үшін ақша табамыз: теміржол тарифтері, автожол төлемдері, логистикалық қызметтер, терминалдар, қоймалар — барлығы бюджетке кіріс әкеледі. Ең алдымен, көлік саласы жалғыз өзі дамымайды, ол өзімен бірге тұтас экожүйе алып келеді. Жол салынса, оның бойын-

транзиттік әлеуетін арттыруға, тасымалдардың тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталмақ.

Көлік министрлігінің БАҚ-пен жұмыс басқармасының басшысы Даулет Самбетбаев көлік-транзиті бағытында атқарылып жатқан істерден толыққанды хабардар етті. Оның сөзінше, тар жолдар кеңейтіліп, темір жолдардың ескірген тұстары жанарып, тасжолдарды елді мекен сыртынан өтетіндей етіп салып, Ақтау теңіз портын тереңдетіп қазып, үлкен терминалға айналдыру бойынша бірқатар жұмыс қолға алыныпты.

— Бізде транзиттік бағыттардағы «тар жерлерді» жою, теміржол, жол, порттық хабтар мен логистикалық орталықтар жаңғыртылуда. Теміржол саласында 1 700 шақырымға жол бойында жұмыстар жүргізіліп, 836 шақырымды құрай-

ӨЗЕКТІ

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Президенттің тапсырмасына сәйкес, Қазақстан тарихында бұрын-соңды болмаған құжат өмірге жолдама алды. Бұл – «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы. Оқу-ағарту министрлігінің түсіндіруінше, осы бағдарлама – балалық шақ саласындағы мемлекеттік саясаттың бірыңғай стратегиясы. Бұл мемлекеттің өз халқының үштен бірінен астамын құрайтын ең жас әрі ең нәзік бөлігіне қатысты тұңғыш рет тұтас, жүйелі әрі басқарылатын саясат қалыптастыруға жасаған саналы қадамы.

А Айхан ШӘРІП

ҰЛТТЫҢ ҮШТЕН БІР БӨЛІГІНІҢ ҮМІТІ

Елдің келешек келбеті бүгінгі балалардың қандай жағдайда өсіп жатқанына тікелей байланысты. Дәл осы себепті Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда «Қазақстан балалары» атты бірыңғай концепция әзірлеуді тапсырған-тын. Құрамына қарай Қазақстан әлемдегі жас халықтардың қатарына жатады. 2026 жылдың 1 қаңтарында бірер айлықтан 17 жас (қоса алғанда) аралығындағы қазақстандықтардың саны 6 918 656 баланы құрады. Сөйтіп, бүгінде көмелетке толып, есейген жастарды қоспағанда, халқымыздың 34%-ы — балалар. Яғни, осы 7 миллионға жуық балаға білім беру, денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дарынын ұштап, өнерін өрге бастыру және басқа бағыттағы мемлекеттің іс-қимылдарын тұтас қамтитын бірыңғай тұжырымдама түзуге батыл қадам жасалып отыр.

Ол табысты бола ма, жоқ па, оны әрине өмір мен тәжірибе көрсетеді. Әйткенмен, балалық шаққа қатысты қабылданатын кез келген шешімнің тапталуын әлеуметтік ұран деңгейінен әкетіліп, мемлекеттің стратегиялық тұжырымдамасы дәрежесіне көтерілуінің өзі маңызға ие. Құжат енді мемлекеттік саясаттың өзегіне айналуға тиіс. Балалар аман болса, дені-қары сау болса, қарны тоқ болса, уайым-қайғысы жоқ болса, әлеуеті мен дарынын жүзеге асыруға барлық жағдай жасалса, жас ұрпақ та қайырсыз, қайтарымыз калмайды, елдің тынысын ашады, төрін кеңейтеді, Отанының болашағын жарқын етеді.

Үкімет бекіткен «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы — осы қарасы миллиондармен саналатын қалың нөпір әлеуметтің мүддесін қорғайтын тарихи құжат. Тұжырымдама 2030 жылға дейінгі кезеңде білім беру, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, әлеуметтік қорғау және отбасылық әл-ауқат салаларын бір арнаға тоғыстырады, осы бағыттардағы нақты іс-шаралар жоспарын қамтиды. Бұл, Президент айтқандай, ведомстволық ала-құлалықты жойып, бала тағдырына деген біртұтас мемлекеттік көзқарасты қалыптастырудың басы болуға тиіс.

БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ БАЯНДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚҰҚЫҚ – ҚОРҒАН, ЗАҢ – КЕПІЛ

Соңғы жылдары бала құқығын қорғау саласында іргелі өзгеріс болып жатыр, жүйелі іс-шаралар қабылданды. Заңнамалық база едәуір кеңейтілді, әсіресе балаларға қарсы жасалған қылмыстар үшін жазаның бұлтартпас қағидаты нықталыпты. Отбасы, әйелдер мен балалардың құқығын қорғайтын бірыңғай 111 байланыс орталығы істейді: мұнда әрбір өтініш нақты көмек пен тексеруге негіз болады. Елдің барлық өңірінде Бала құқықтары жөніндегі уәкілдер іске кіріскен.

Биылғы 1 ақпаннан бастап мектептер мен өзге де білім мекемелерінде қауіпсіздік, тамақтану және балалардың денсаулығына қатысты күтпеген тексерулер жүргізіледі. Бұл — баланың амандығын формальды есептен жоғары қоюға бағытталған шешім. Осыған орай Үкіметтен салалық министрліктерге және әкімдіктерге ерекше бақылауға алынатын нысандардың тізілімін шұғыл қалыптастыру туралы тапсырма түсті.

Балаларды қорғау жүйесін күшейту үшін қорғаншылық органдарының штаттық нормативі қайта қаралды: енді әрбір 5 мың балаға кемінде 1 маманнан келуге тиіс. Бұл — қорғансыз қалған бүлдіршіннің мұңын тыңдайтын, құқығын қорғайтын кәсіби жанашырлардың саны бір жылдың ішінде 3 еседен астам көбейетінін білдіреді. Осы кадрлық әлеует негізінде өңірлерде бала құқығын қорғау басқармалары құрыла бастады. Алайда бұл жұмыс әзірге Ақмола, Ақтөбе облыстарында және елордада ғана белсенді жүргізілуде екен. Бұл жергілікті биліктің әлі де селкостық танытып отырғанын көрсетеді. Сондықтан қалған өңірлерге 2 ай ішінде тиісті құрылымдарды толық құру жүктелді.

БУЛЛИНГТІ ЖИ АНЫҚТАЙДЫ

Замана ағымы бала тәрбиесінде жаңа сын-қатерлер туындатты. Мұғалімдердің мәліметі бойынша қазір көптеген оқушы заңсыз онлайн-казиноларда ойнайды. Интернет-алаяқтар да ардан безіп, оңай алданатын аңғал балаларды басты нысанасына айналдырды. Цифрлық кеңістіктің қауіпсіздігі мен жасөспірімдердің психологиялық тұрақтылығы бүгінгі күннің басты түйткілі. Осы орайда «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы аясында бірыңғай цифрлық платформа құрылмақ. Бұл платформа психологиялық диагностика мен сүйемелдеуді жүйелеп, қауіп-қатерді ерте анықтауға жол ашады.

«Көптеген ауыл баласы үйірмелер мен заманауи білім беру технологияларынан тыс қалатыны атап өтілді. Жасөспірімдерге тиісті көңіл бөлінбейді әрі олар өзін дамыту үшін тың мүмкіндіктерден айырылып отыр. Бұл бағытта жүйелі түрде жұмыс жүргізіп, Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау, Еңбек және әлеуметтік қорғау, Ішкі істер министрліктері мен өңір әкімдіктері арасындағы ведомстволық үйлестіруді күшейту қажет», — делінген Үкіметтің хабарламасында.

БАЛАЛАР МЕН ОТБАСЫЛАР ҮШІН НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Үдерістерден – өлшенетін нәтижелерге

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасы декларацияларға емес, балалар мен отбасылардың өміріндегі нақты өзгерістерге бағытталған.



БАЛА ҮШІН

- зорлық-зомбылық пен қатыгездіктен күшейтілген қорғаныс
- мектепте, көшеде және онлайн кеңістікте қауіпсіз орта
- уақтылы психологиялық көмекке қолжетімділік
- тұратын өңіріне қарамастан құқықтарының қорғалуы



ОТБАСЫ ҮШІН

- қолдаудың түсінікті әрі қолжетімді тетіктері
- дағдарысты жағдайларда сүйемелдеу
- ата-аналардың жауапкершілігі мен белсенділігін арттыру
- кеңес беру және алдын алу көмегіне қол жеткізу



ЖҮЙЕ ҮШІН

- бірыңғай кәсіби талаптар
- даярланған мамандар
- барлық мемлекеттік органдардың үйлесімді әрекеті
- нәтижелерді ашық әрі айқын бақылау



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӨСЕР

- балалар үшін қауіп-қатерлердің азайы
- құқықтық қорғалудың артуы
- балалардың әл-ауқатының жақсаруы
- балалық шақты қорғаудың тұрақты мемлекеттік моделі

Қауіпсіздік. Қолдау. Жауапкершілік. Нәтиже.

Жаңа бағдарлама аясында бала қауіпсіздігін бақылау үшін кезең-кезеңімен жасанды интеллект технологиялары енгізілетін болды. ЖИ бейнекамера орнатылған барлық мектепті бір мезгілде бақылауға ала алады. Бұл ретте ЖИ бірнеше оқушының бір жерде топтасуы, айғайлап сөйлесуі, ұзақ жүлқыласуы, төбелесуі, мүлік-мүкәммалды бұзуы, өзімен қару әкелуі сияқты бірқатар нышан бойынша төнген қауіп-қатерді айқындап, полицияға жедел түрде хабар береді. Тәртіп сақшылары баланы қорғау үшін қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

— Жол ережесін бұзуды автоматты тіркейтін — «Ақылды жаяу жүргінші өткелдері» жобасын кеңейтіп жатырмыз. Мектептердің 100% бейнебақылаумен жабықталған. Олар Жедел басқару орталықтарына қосылған. Қазір қауіпті жағдайларды анықтайтын ЖИ-і бар камераларды енгізуді бастадық. Жасөспірім қылмысының профилактикасына тоқталсам, есепте тұрған 4 800 бала, 5 700 ата-ана тұрақты бақылауда. Көмелетке толмағандар жөніндегі комиссиялардың рөлі күшейтілді. Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп «қиын» балаларға қатысты тәрбиелік шаралар тізбесі кеңейтіледі, — деді Ішкі істер министрі Ержан Сәденов.

Оның ақпаратынша, тұжырымдама аясында уәкілетті органдармен бірге ерекше бақылауды талап ететін девиантты, тентек мінез-құлқы бар балалармен жұмыс күшейтіледі. Тәуелділігі бар, лудоман балаларды анықтау алго-

ритмдерінің жобалары әзірленіп жатыр. Зорлық-зомбылық, буллингке ұшыраған балаларға әлеуметтік және психологиялық көмек, тәлімгерлік, отбасылық кеңес беру қарастырылған.

Сонымен қатар балалардың, ата-аналардың және педагогтардың цифрлық сауаттылығын арттыру, балалардың интернетті, әлеуметтік желіні түнгі уақытта пайдалануын шектеу шаралары қарастырылған. Бұл бастамалар балаларды зиянды контенттен, кибер қауіптерден және цифрлық гигиенаны бұзудан қорғауға бағытталған. Балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау саласындағы заңнама жаңартылып, цифрлық қауіптердің алдын алу тиімділігі арттырылып, қабылданатын шаралар жүйелі етілмек.

САУЛЫҚТЫ КАБИНЕТТЕР ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың айтуынша, Қазақстан балалардың әлауқаты индексінің «Денсаулық» бағыты бойынша әлемдік «Топ-30» тізіміне енді. Алайда атқарылар іс әлі көп. Оның айтуынша, тұжырымдамаға сәйкес профилактикалық тексерулермен қамтылатын балалардың үлесін 66%-ға және денсаулық сақтау нысандарының тозу деңгейін кезең-кезеңімен 30%-ға дейін төмендету көзделген. Бұл индикаторларға қол жеткізу үшін министрліктің алдында 30 іс-шараны жүзеге асыру міндеті тұр.

Уақытша қозғалысы шектелген кезеңде балдақ, мүгедек арбасы, басқа көмекші техникалық құралдармен қамтуға, көмелетке толмаған туысқан донордан сүйек кемігін трансплантаттауға, сондай-ақ ем алу үшін басқа өңірге шыққанда жол жүру шығындарын бюджеттен өтеуге қатысты жаңалықтар енуі мүмкін: жаңа заң жобасы Мәжіліс қарауында.

Оқу-ағарту министрі Жұлыз Сүлейменованың түсіндіруінше, 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасы қауіпсіздік, білім беру, денсаулық сақтау, отбасы құқығы және әлеуметтік қорғау сияқты 4 негізгі бағытты қамтиды. Тиімділікті бағалау үшін 10 индикатор, ал жүзеге асыру үшін 158 іс-шара көзделген. Қаржыландырудың жалпы көлемі — 1,3 трлн теңге.

Тұжырымдама шеңберінде «Заң мен тәртіп» идеологиясын кеңінен жаю; мектептерде балалардың әлеуметтік эмоциялық дағдыларын дамытуға бағытталған педагог-психолог сағатын енгізу; балаларды «Адал азамат» рухында тәрбиелеу; зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмектің 40 кабинетін ашу; психологиялық диагностиканың бірыңғай цифрлық платформасын құру; қадағалауды талап ететін балаларды тәлімгерлермен 100% қамту; педагог-психологтарға арналған бірыңғай кәсіби стандарттарды, біліктілік талаптарын қайта қарау жоспарланған.


— «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы арқылы балалардың құқықтары қорғау саласында жаңа жүйелі тәсілдерге көшу көзделген. Алғаш рет баланың өмірлік жолын цифрлық сүйемелдеу тетігі енгізіледі. Онлайн қауіпсіздік шаралары күшейтіледі. Инклюзивті ортаға, өңірлерде балаларға қолжетімді инфрақұрылымды дамытуға басымдық беріледі. Медициналық және оңалту ұйымдарының желісін кеңейту жоспарланып отыр, — деді Ж.Сүлейменова.

Сонымен қатар әлеуметтік сәйкестік көрсету тәсілдері қайта қаралып, оның тиімділігіне баса мән берілмек. Елдің барлық жерінде балалардың қоғамдық көлікте тегін жол жүруі кезең-кезеңімен енгізіледі. Бала құқықтарының бұзылуының алдын алу тетіктері де айтарлықтай жаңғыртылып, бірыңғай стандарттар қолданылмақ. Кейс менеджмент институты дамытылады: онда педагог-психолог бала мен отбасын кешенді сүйемелдеудің негізгі қатысушысына айналады. Психологиялық көмектің рөлі күшейтіледі және баланы қылмыстық процесс барысында да жеке сүйемелдеу тетіктері қамтамасыз етіледі.

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасы — тек цифрлар мен индикаторлар жиынтығы емес. Оған жұмсалатын 1,3 триллион теңге — ұлт болашағына салынған инвестиция. Бағдарламада бытыраңқы әлеуметтік іс-шаралардан арылып, ұлт болашағын біртұтас жүйе ретінде қарастыруға бағытталған талпыныс жасалған. Бұл талпыныстың табысы көркем есептерде, игерілген миллиондарда емес, оның әр бабының нақты жұмыс істейтін тетікке айналуында және ең бастысы — балалардың осы өзгерістерді өз өмірінде сезіне алуында болмақ. Ендеше, Президенттің бастамасымен әзірленген стратегияның лайықты орындалуы — тұтас қоғамның ортақ аманаты.

ЖАНСАРАЙ

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



«Қазақ эстрадасының примадоннасы» атанып кеткен алтын дауыс иесі, Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаеваның сахнада жүргеніне елу жыл толды. Әрбір кешін асыға күткен көрерменді әнші жақында жағымды жаңалығымен қуантты. Атаулы мерейтойға орай өнер иесі ақпан айының 7 жұлдызында Республика сарайында есеп беру кешін өткізбек.

Таяуда біз халқын әуезді әнімен тербеген Роза Қуанышқызын мерейтойымен құттықтап, шаңырағына арнайы бардық. Бір қызығы, осы жолғы сұхбат форматы да әдеттегіден өзгеше өтті. Оған себеп, әнші тығыз кестесіне қарамастан, сұхбат аялдамасын өзгертуге тура келсе де, жол үстінде де әңгімесін жалғастыра берді. Осылайша, әсем Алматының көшелерін аралап жүріп, Роза Қуанышқызымен әсерлі әңгіме өрбіттік.

Роза РЫМБАЕВА,
Қазақстанның халық әртісі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

Елу жыл бірге өмір

— Роза Қуанышқызы, бүгінде жарты ғасырдан астам өміріңіз өнермен өрілген, абырой биігінде өзіндік әдемі қалпын сақтаған жансыз. Елу жыл — бүтін бір ғұмыр. Жарты ғасырды артқа тастаған өнер жолыңызға қарап қазір нендей баға берер едіңіз?

— Ең алғаш сонау 1975 жылы Алматы қаласында өткен Ұлы Жеңістің 30 жылдығына арналған республикалық байқаудың жеңімпазы атанғаным есімде. Менің өнер жолым дәл осы байқаудан басталды. Сол уақытта қазылар алқасының төрағасы марқұм Шәмші Қалдаяқов ағамыз болған. Ал былтыр біз елімізде Ұлы Жеңістің 80 жылдығын тойлаппыз. Демек, менің сахнадағы 50 жылдық мерейтойым сол кезеңмен тұста-тұс келді. Биыл, міне, өнер жолымның 51-ші жылына аяқ басып отырмын. Алайда түрлі себепке байланысты айтулы датаны былтыр атап өту мүмкін болмады. Сондықтан осы жылдың ақпан айында 50 жылдық мерейтойыма арналған есеп беру кешін өткіземіз деп шештік. Кешкі сағат 19.00-де өтетін концертіміздің билеттері сатылып кеткендіктен, халықтың сұранысы бойынша сағат 15.00-ге екінші концертімізді жоспарладық. Елу жыл сахнада жүрген өнер иесі ретінде осы кеште халық алдында есеп берейін дедім.

Көпшілік әлі күнге дейін «сол баяғы Рымбаева» деп қабылдайды. Халықтың жадында «Әлия» образым қалып қойған. Алайда елу жылдың ішінде мен де адам ретінде өстім, өркендедім, өмірдің талай белесін өткердім. Қартайдым, әже атандым. Бірақ сахнадағы елу жылым текке өткен жоқ. Осы уақыттың бәрінде қазақ сахнасында халқыммен бірге өмір сүріп келемін. Елу жыл аралықта түрлі қайғыны бастан кештім, небір қиын кезеңдерді бастан өткердім. Менің ең үлкен бақытым — халқымның әркез қолдап жүргені. Әсіресе, жолдасымнан айырылған ауыр кезеңде бұл қолдау маған үлкен демеу болды. Сол жылдары кішкентай екі

баламды алып, гастрольдік сапарларда жүрдім. Мен жыл сайын халық алдына шығып, «Көктем шақырады» атты концертті беретінмін. Бұдан кейін аталған кеш шығармашылығымдағы дәстүрлі іс-шараға айналды.

Өмірден көрген жақсылығым мен қуанышым — екі қанатым болған балаларым мен немеремнің өсуі. Бүгінде екі ұлым да халық алдында жүрген кәсіби музыканттар, композитор әрі аранжировка жасаумен айналысады. Ал немеремнің әрбір жетістігі, тәтті қылығы жүрегімді қуанышқа толтырады. Кейде немеремнің аузынан шыққан сөздерін, түрлі қылығын әлеуметтік желідегі парақшамызда бөлісіп отырамыз. Немерем әлем елдерінің жалауларын, сандарды жатқа біледі. Құдайға шүкір, немеремнің есте сақтау қабілеті жақсы қалыптасып келеді әрі бір айтқаныңды бірден қағып алатын әдеті бар. Немеремнің бойында осындай жақсы қасиеттердің дамып келе жатқанына мен тек қуанамын. Екі балама жақсы адам болып өссін, келешекке үлкен мақсат қойсын деген ниетпен оларға талап қоямын және өзім де оларға үлгі болуға тырысамын. Ұлдарымның көзін ашқаннан көргені — осы өмір, анасының жылдар бойғы еңбегі мен ізденісі, айналадағы адамдармен жақсы қарым-қатынасым.

МАРҚҰМ ЖОЛДАСЫМНЫҢ ОРНЫН ЕКІ ҰЛЫМ БАСТЫ

— Алдағы мерейтойлық концертіңіздің дайындық жұмысы қалай жүріп жатыр?

— Есеп беру кешіміңнің бүкіл дайындық жұмысын екі ұлым — Әли мен Мәди толықтай өз мойындарына алды. Концерт бойы сахнада екі оркестрмен жұмыс істеймін. Бұл үлкен дайындықпен жауапкершілікті талап етеді. Осыдан елу жыл бұрын марқұм жолдасым Тасқын дирижер ретінде Республика сарайының сахнасына мені жетелеп шығарған еді. Қазір оның орнын екі ұлым басты. Екеуі де кәсіби музыкант болғандықтан, олар — менің тірегім, екі қанатым. Мен ана ретінде балаларымның кәсіби деңгейіне де, тәлім-тәрбиесіне де разымын.



Әли мен Мәди туралы халық әрқашан жылы сөздерін жаудырып жатады. Анаға осыдан артық қандай бақыт керек?

Бұл кештен кейін де өмір елу жылдық сахнамен шектелмейді. Осыған дейін Қазақстанның жартысын аралап шықсам, енді қалған өңірлерде концерт беру жоспарымда бар. Сондықтан алда атқарылар шаруа жеткілікті. Ең бастысы, осының бәрін көрерменге лайықты деңгейде ұсыну. Роза Бағланова апамыздың «Айналайын халқымнан еркелеткен» деген жылы сөзі бар еді. Расында, біз — сахнаның еркесіміз. Бірақ бұл еркелік жауапкершіліктен босатпайды, керісінше, кәсіби деңгейге деген талапты күшейтеді. Халық сенің өнеріңді құрметтеп, әніңді тындау үшін уақытын бө-

ліп, кешіне келеді. Ал әртістің үлкен міндеті — сол құрметке өз өнерімен лайықты деңгейде жауап беру. Өнер дегеніміз — мәдениет, тәрбие, рухани жауапкершілік. Сахнаға шыққан адам халықтың алдында тұрған қарапайым әртіс қана екенін ұмытпауға тиіс. Халық сенің әрбір сөзіңнен, әніңнен, олармен сырласуыңнан тәлім алады, рухани қуат табады. Сондықтан сен осы деңгейге бойындағы ізгі құндылықтарыңмен лайық бола білуің тиіс.

Мыңдаған көрерменнің малдына шыққанда, сен кімсің? Меніңше, сен — рухани дүниені насихаттайтын тәрбиеші, үміт пен оптимизм сыйлайтын, кейде ақыл айтып, кейде сырын ақтаратын адамсың. Мен сахнадағы өз миссиямды осылай түсінемін. Қазақ композиторлары да

музыканы дәл осы мақсатта — халықтың мәдени деңгейін көтеру үшін жазады. Елу жыл ішінде қай сахнаны көрмедім, қандай шалғайда жатқан ауылда болмадым десеніңші?! Мен шалғайда жатқан ауылдарға барғанды ерекше жақсы көремін. Былтыр туған күнімде 1 300 шақырым қашықта орналасқан ауданға барып концерт бердім. Туған күн тойлап, банкет жасауды ұната бермеймін. Мен үшін туған күн — қарапайым халыққа концерт беру. Сол кезде ғана өнер адамы ретінде бір міндетімді атқарғандай күй кешемін.

ӨНЕР АДАМЫ САХНАДАН УАҚЫТЫНДА КЕТУІ КЕРЕК

— Сұхбатыңыздың бірінде елу жылдық мансап жолыңызды түйіндеу туралы ойыңызды айтқаныңыз бар. Бұл шешіміңізге не түрткі болды?

— Иә, осыған дейін ақпан айында өтетін есеп беру кешімінен кейін шығармашылық жолымды осы тұстан аяқтасам ба деген ой келді. Мүмкін елу жыл да жеткілікті шығар деп ойлады. Жок, мен ешкімге ренжіген емеспін. Сахнада жүрген адамның уақыт өте келе жасы да ұлғаяды. Шынымды айтсам, өнер адамы сахнадан уақытында кетуі керек деп санаймын. Бұл — заңдылық. Алайда түбегейлі шешім қабылдасам бұрын, әуелі алдағы концерттерімді беріп көрейін дедім. Оның үстіне, мен қазірдің өзінде үнемі халық алдында, концерттен қол үзген жан емеспін. Өнер иесі сахнадан дауысы саңқылдап, бойы құлпырып тұрған шағында кеткені дұрыс шығар деп ойлаймын...

— Алайда таяуда өтетін мерейтойлық концертіңіздің билеті әпсәтте таусылды. Соған қарағанда, халық әлі де өнеріңізге құштар. Көрермен әлі де өзіндік киелі сахнадан көргісі келеді...

— Иә, осы хабар тарағаннан кейін әлеуметтік желілерде оқырмандарым мен әріптестерімнен

ЖАНСАРАЙ

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

көптеген хат келіп жатыр. Бірақ бұл «мүмкін» деген сөз екенін айтқым келеді, яғни түпкілікті шешім емес. Мұны уақыт, денсаулық және дауысымның сол қалпындағы сапасы көрсетеді. Себебі адамның жасы ұлғайған сайын физиологиялық өзгерістер де қатар жүреді. Дауыстың да уақыт өте өзгеретіні бар. Мәселен, тоғыз жылдан кейін 60 жылдық мерейтойымды өткізсем, бұл кезде жасым сексенге таяп қалады екен. Сол уақытта дауысым да, келбетім де бүгінгідей болмайтыны анық. Сондықтан әзірге өзіме бес жыл уақыт бердім. Ал сол межеден кейінгі жолды уақыттың өзі көрсете жатар...

ӨЗІМЕ СЫНМЕН ҚАРАЙТЫН ӘНШІМІН

— Қанша жерден өркениеттің кең қанат жаюымен күллі салаға жанашылдықтар еніп жатыр десек те, қазіргі көрермен жасандылықтан шаршаған. Алайда жалған жылтырға толы кезеңде сол көрермен өзіңізді дау-дамай мен арзан ойын-күлкіден алыс, биік болмысын сақтаған тұлға деп қабылдайды. Даңққа мас болмай, қалай адамдық қалыпты сақтап қалуға болады?

— «Кемелдікке шек жоқ» деген сөз бар. Сен қанша жерден атағы айға жеткен танымал жұлдыз болсаң да, ізденіс пен талпынысты

БАЛАЛАРЫМНЫҢ БІЛІМ АЛУЫНА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАСАУҒА ТЫРЫСТЫМ

— Бүгінде отбасының бағдаршысы болған бақытты ана, аяулы әжесіз. Өнер айдынында өз жолын тапқан Әли мен Мәдидай талантты ұлдардың тәлімгерісіз. Бала тәрбиесінде сіз үшін ең маңызды құндылықтар қандай?

— Бала тәрбиесі, ең алдымен үй ішіндегі қарым-қатынастан, отбасындағы атмосферадан басталады. Ерлі-зайыптының бір-біріне, айналасына деген сыйластығы мен мәдениеті — баланың көз

немін. Өзімді ақылдымын немесе кеменгермін деп есептемеймін. Бірақ балаларымның өсіп-өркендеуі мен білім алуына барлық жағдайды жасауға тырыстым. Өзімнің жүріс-тұрысыммен, адамдармен қарым-қатынасыммен де олар көп нәрсені бойларына сіңірді деп ойлаймын.

ОТБАСЫМЫЗДА ҚАЗАҚ ТІЛІ — НЕГІЗГІ ТӘРБИЕ ТІЛІ

— Кейде сізді орыс тілінде сөйлейді деп сынға алатындар бар. Бірақ балаларыңызға қазақша білім бердіңіз. Бұл пікірлерге көзқарасыңыз қандай?

— Біріншіден, мен орыс тілінде өте сирек сөйлеймін. Екіншіден, кейбір бағдарламаларда, ресми кездесулерде немесе орыс тілді журналистермен сұхбаттасқан уақытта орыс тілінде сөйлеуге

есептеймін. Өйткені «жұлдыз» деген сөз — қарапайым әртіс емес, одан әлдеқайда жоғары мәртебеге ие ұғым. Мен 21 жасымда Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, ал 26 жасымда Халық әртісі атағын алыппын. Мен өмір бойы осы атаққа лайық болу үшін жұмыс істеймін. Халықаралық деңгейде «Қазақстанның халық әртісі» деп таныған кезде, сен өнеріңді сол биіктікте көрсетуге міндеттісің. Бұл — үлкен жауапкершілік, мойнына алынған ауыр міндет. Атақты иеленген жұлдыздарымыз енді одан әрмен деңгейін екі-үш есе дамыта түседі деп сенемін. Күнделікті сахнаға шығу — көрермен алдындағы емтихан. Сол емтиханнан сүрінбей өту әр әріптес үшін үлкен сынақ әрі өмір бойғы миссия.

— Аңыз болу — сый ма, әлде сынақ па?

— Сынақ. Аңыздың өмірі әркез сынаққа толы. Бүгінге дейін өмірден өткен небір ұлыларымыз аңыз болып қалды. Өкінішке қарай, қазір олар арамдықта жок. Алайда мен өзімді халық алдында жүрген белгілі әртістердің бірімін деп есептеймін. Мүмкін ел маған «аныз» деген атақ беріп қойған шығар, бірақ мен өзімді «аныз-бын» деп айтпас едім.

ӨЗІМДІ БАҚЫТТЫ ӘНШІ, БАҚЫТТЫ АНА САНАЙМЫН

— Өмір жолыңызда «әттеген-ай» дегізген сәттер көп болды ма?

— Кемшіліксіз, қателіксіз адам бола ма? Сол қателіктерім мен кемшіліктерім мүмкін жастығымнан, өмірдің мәнін толық түсінбегендігімнен болар. Кемшіліксіз адам жоқ. Сен өз әрекетіңнің дұрыс емес екенін дәл сол мезетте түсінбейсің, өз көзқарасыңды дәлелдеу үшін үнемі күресіп тұрасың. Бірақ уақыт өте келе, өткенді сараптап, әр әрекетті сүзгіден өткізіп бағалай бастағанда, өз қателігіңді байқайсың. Оны мойындап, уақытыңда түзей білу — адам өміріндегі үлкен өсу.

Бір өкініштісі, мерейтойымды марқұм жолдасым көре алмай кетті. Менің өнердегі ең сүйікті авторларым Сейдолла Бөйтереков, Шөмішбай Сариев, Тұманбай Молдағалиев, Ибрагим Исаев, Тілес Қажығалиев, Талғат Сарыбаев, Жанбота Тұяқбаев сынды небір талантты азаматтар өмірден өтті. Сахнадағы жарты ғасырлық мерейтойымды осы кісілермен тойлап, халық алдына шықсам, одан үлкен қуаныш жоқ қой. Дегенмен өздері кетсе де, халқына әуезді өндерін аманат етіп қалдырды. Мен өкінетін жағдай — шығармашылығымға ықпал еткен сол тұлғалардың бұл өмірде жоқтығы. Бірақ екі тірегіме айналған ұлдарымның қолдауының арқасында өнердегі жолымды жалғастырып келемін. Сол үшін де өзімді бақытты әнші, бақытты ана деп санаймын.

— Әңгімеңізге рақмет, Роза Қуанышқызы! Ғұмырлы болыңыз!

Сұхбаттасқан
Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Халқымызмен сүріп келемін

— Сіз жайлы ел біле бермейтін факт — кезінде басқа түскен қиындықтарға қарамастан жақында-рыңызға тірек болып, оларды Алматыға көшіріп алуыңыз. Одан өзге де шапағатыңыз тиген біршама қайырымды істің шет жағасынан хабардармыз. Бүгінде ел алдында жүрген қалталы азаматтардың арасында осындай көрініс жиі кездесе ме?

— Мен қалталы азаматтар туралы жақсы білемін деп айта алмаймын. Себебі айналадағы араласатын жандар — өзім сияқты шығармашылық ортадағы қарапайым адамдар, сондай-ақ принциптіміз бен көзқарасымыз бір ниеттес достарым.

— Әлеуметтік желіден Әли, Мәди, Мәдина есімді үшемге көмектескеніңіз туралы ақпаратты оқып қалдық. Бұл оқиға қалай болып еді? Есіңізде ме?

— Осыдан көп жыл бұрын КТК арнасынан бір қарапайым қазақ әйелінің сұхбатын көрдім. Ол үшемді дүниеге әкеліп, алайда ешкімнен көмек көрмегенін айтып, көзіне жас алып отырды. Сұхбаттан кейін әлгі әйелдің мекенжайын жазып алдым. Кейіннен қолымдағы бар қаражатты жинап, өз аяғыммен сол әйелді ауылына іздеп бардым. Өзі қарапайым ғана жер үйде тұрады екен. Үйге кірсем, темір төсекте жаңа туған үш сәби жатыр. Олардың есімі Әли, Мәди және Мәдина екен. Содан кейін көмегімді бердім де, ештеңе күтпестен кері қайттым. Осы оқиғадан соң арада біршама жыл зулап өтті. Бір күні мен туралы арнайы бағдарламаның түсірілімі өтті. Сол бағдарламаға үш жасөспірім мен қасында анасы келіп тұр екен. Әйел маған қарап: «Сіз кезінде бізге көмек қолын созып едіңіз, міне, сол бөпелер қазір өсті», — деп балаларын көрсетті. Мен сол сәтте құлап қала жаздадым. Анасы осыдан бірнеше жыл бұрын берген қаражатқа теледидар алғандарын айтты. Расында, балалар өсіп, азамат болып қалыпты.



ешқашан тоқтатпауың керек. Адам өзіне сыни көзбен қарай алғанда ғана өседі. Өз кемшілігіңді көріп, соны түзетуге ұмтылған кезде ғана алға қарай жылжу бар. Мен өзіме қатты сынмен қарайтын әншімін. Өзімді өзгелерден жоғары қойған емеспін, тіпті қол жетпейтін жұлдыз деп санамаймын да. Деңгейім мен мүмкіндігімді де жақсы білемін. Менен он есе орап түсетін, Құдайдың айрықша дауыс сыйлаған әншілері бар екенін де мойындаймын. Бірақ мен ешқашан олармен жарыспаймын. Бар мақсатым — эстрада-лық өнерімді үнемі биік деңгейге көтеру үшін еңбек ете беремін. Мен — өнер жолында елу жыл бойы тынымсыз ізденіп, талпынып келе жатқан әншімін.

алдында қалыптасатын ең үлкен тәрбие. Бала бәрін көріп, бәрін сезіп өседі. Қанша жерден тыйым салып, баланы бұрышқа тұрғызып тәрбиелегеніммен, ең басты үлгі — ата-ананың өз мінезі мен әрекеті. Сондықтан балам тәрбиелі болсын десем, ең алдымен өзіңнен баста. Ата-ананың жүріс-тұрысы, сөзі, адамдармен қарым-қатынасы бала үшін үнсіз сабақ. Екінші үлкен міндет — балаға жақсы білім беру. Жақсы білім алған бала өзінің сүйікті ісін тауып, сол мамандықтың кәсіби иесі болып қалыптасса, өмірде әрі қарай өз нанын таба біледі. Мен үшін бала тәрбиесіндегі басты екі тірек — тәрбие мен білім. Осы екеуі қатар жүргенде ғана болашақта жақсы, саналы адам қалыптасады деп се-



Мыңдаған көрерменнің алдына шыққанда, сен кімсің? Меніңше, сен — рухани дүниені насихаттайтын тәрбиеші, үміт пен оптимизм сыйлайтын, кейде ақыл айтып, кейде сырын ақтаратын адамсың. Мен сахнадағы өз миссиямды осылай түсінемін. Қазақ композиторлары да музыканы дәл осы мақсатта — халықтың мәдени деңгейін көтеру үшін жазады.

тура келеді. Ал қазақ журналистерімен әрдайым ана тілімде сөйлемін. Мен екі тілде де білім алған адаммын, қазақша да, орысша да еркін сөйлеймін. Бүгінгі заманда бір емес, бірнеше тіл білу — артықшылық. Тіпті болашақта ағылшын, қытай тілдерін меңгеруіміз маңызды деп санаймын. Ал балаларымның тәрбиесіне келсек, олар туғаннан қазақша тәрбиеленді. Балабақшасы да, мектебі де қазақ тілінде болды. Бүгінде балаларым үш тілді де меңгерген. Неме- мерем де қазір қазақ балабақшасына барып жүр. Біздің отбасымызда қазақ тілі — негізгі тәрбие тілі. Сондықтан бұл тұрғыда менің ұстанымым анық әрі айқын.

КҮНДЕЛІКТІ САХНАҒА ШЫҒУ — КӨРЕРМЕН АЛДЫНДАҒЫ ЕМТИХАН

— Танымалдылық пен халық махаббаты адамның тағдырын жеңілдетпейді, керісінше, одан сайын күрделендіріп, жауапкершілік жүктей түседі. Атақ сізге не берді, өміріңізден нені алып қойды?

— Мен ешқашан атақ туралы ойлаған емеспін. Дегенмен атақты нағыз кәсіби деңгейі жоғары жұлдыздарға берген дұрыс деп

АЙМАҚ

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

ӨЗГЕГЕ БАЙЛАНҒАН БАЙЛАНЫС

Бүгінде Жамбыл облысында байланыс желісі өзекті болып тұр. Ауылдық аймақты айтпағанның өзінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізінің бойында, тіпті Тараз қаласының шеткі алқаптарында интернет жоқ. Ол аз десеңіз, телефонмен қарапайым қоңырау шалу мүмкін емес. Есесіне, аталған аумақтарға бара қалсаң көршілес Қырғызстанның байланысы қалтқысыз қызмет көрсетіп тұрады. Сонда шекарадан асып, өңірге жетіп отырған айыр қалпақты ағайындағыдай бізде неге байланыс жоқ? Көрші елдер былай тұрсын, өз байланыс желімізбен бір облысты қамтуға мүмкіндігіміз жоқ па?

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Қазір Қордай ауданына сапарлап барып қалсаң, халықтың дені қырғызстандық байланыс операторларының қызметін пайдаланып отырғанын көруге болады. Олардың айтуынша, көршілес елдің байланыс желісі бізге қарағанда жылдам әрі арзан.

– Тарифтік жоспарға енген үш нөмірге айына 1 400 сом ақша төлейміз. Бұл теңгеге шаққанда 8 мыңға жуық. Тарифтік жоспарға енген ұлым мен әйелім үшеуіміздің аразындағы қоңыраулар тегін. Интернет желісіне де ақы алмайды. Бұдан бөлек, әр байланыс нөміріне баска операторларға қоңырау шалу үшін 100 минут беріледі. Сондай-ақ қырғызстандық байланыс желісіне телеарналарды да қосуға болады. Қызметтердің барлық төлемі нөмірім арқылы, бірлік түрінде төленеді. Шыны керек, қазақстандық байланыс желілері бізде тартпайды. Белгілі бір аймақтарда қосылады дегеннің өзінде интернет

желісі баяу, телефон арқылы сөйлесу мүмкін емес. Сондықтан қырғызстандық байланыс желісіне қосылып алдық. Мен танитын жора-жолдас, жақындарымның барлығы осы қырғыз елінің байланыс желісін тұтынады, — дейді Қордай ауданының тұрғыны Руслан Рыспеков.

Мұндай жағдай бір ғана Қордай ауданында орын алып жатқан жоқ. Шу, Меркі, Т.Рысқұлов, Жамбыл аудандары мен облыс орталығы саналатын Тараз қаласында да көрші елдің байланыс желісін тұтынатындар көп.

Тараз қаласына тиіп тұрған Жамбыл ауданында да жағдай мәз емес. Аудан тұрғыны Роза Мұсаеваның айтуынша, қазақстандық байланыс желілерінің сапасы нашар болғаннан кейін олар қырғыз елінің операторына ауысып кеткен. «Соның арқасында көзіміз ашылып, жақындарымызбен еш кедергісіз сөйлесетін болдық», — дейді тұрғын.

Осындай сәтте «Қырғыз елінде бар байланыс желісі неге бізде жоқ?» деген орынды сұрақ туады. Айыр қалпақты ағайындардың



Елдар ҚАБА (қолжазба)

байланыс желісі көрші мемлекетке жетіп жатқанда, біз қалай бір облысты қамтамасыз ете алмай отырмыз? Осы сауалмен өңірдегі байланыс желілерінің барлығына қайырылды. Kcell/Activ орталығының жетекшісі Айгерім Беғалиева да, Beeline операторының өкілі Остап Бочанцев та, Tele2/Altel орталығының басшылығы да мардымды жауап бермеді. Барлығы да бұл сауалдарға жауап беру құзыреттеріне кірмейтінін, барлық мәселе бойынша бас кеңсеге жүгіну қажеттігін айтты. Алайда кімге, қалай байланысу керектігі туралы ақпарат бермеді.

Жауапты делінген операторлардан нақты жауап болмағаннан кейін облыс әкімдігі цифрландыру

және архивтер басқармасының есігін қақтық.

– Өңір бойынша ұялы байланыс желілерінің мұнараларын қоюға байланыс операторлары тікелей жауапты. Біз тек жер белгілеп беру сынды қолдаулар көрсетеміз. Десе де, тұрғындардың өтініштері бойынша байланыс желісі нашар тартатын аймақтарға қосымша мұнара қою сынды жұмыстар байланыс операторларымен бірге жүргізілуде. Мұнара қою үшін елді мекендегі халықтың саны, байланыс желісінің қажеттілігі сынды мәселелер ескеріледі. Сондықтан байланыс мұнараларын орнату кезең-кезеңімен, жан-жақты зерделеніп жүзеге асуда, — дейді басқарма басшысы Шалқар Амантұров.

Ал «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» сынды маңызды автодәліз бойындағы байланыс желісінің мәселесін шешу үшін «Қолжетімді интернет» жобасы жүзеге асып жатыр екен. Басқарма басшысы Шалқар Болатұлының сөзіне сенсек, Қордай ауданында — 3, Мерке ауданында — 1, Т.Рысқұлов ауданында — 2 мұнара қою жоспарда. Сондай-ақ Жуалы ауданы бойынша — 1, Мойынқұм ауданы бойынша — 4 мұнара қойылмақ көрінеді. Осылайша, жауаптылар олқылықтың орнын толтырамыз деп отыр. Бұдан бөлек, 2023-2027 жылдарға арналған «Жол картасы» аясында интернет желісі баяу істейтін елді мекендердің де жағдайын жақсарту күн тәртібінде тұр.

ТОЗҒАН ҮЙДІҢ ЖАЙЫ ТОЛҒАНДЫРАДЫ

Қызылордада тозығы жеткен тұрғын үйлерге қатысты мәселе шашетектен. Жыл артына жыл салып, апатты жағдайда тұрған мұндай үйлерді паналаған халық талабы тасада қалып тұрғанына наразы.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Шыңғыста қаланың шет аймақтарындағы ахуал алаңдатарлық күйде тұр. Нақтысы, қала аумағындағы Гагарин, Титов қыстағы және Тасбөгет кентіндегі тоз-тозы шыққан көпқабатты үйлерде тұрып жатқан қарашаның қарасы қалың. Әр күнінде ескі үйінің жыртқыш жамап, түндерін қорқыныспен өткізіп жүрген жамағат басынасын талай мәрте жергілікті әкімдікке жеткізгенімен, түбегейлі нәтиже жоқ. Соның ішінде Тасбөгет кентіне қарасты Тасарық шағын-ауданындағы ахуал ондаған жылдан бері оң шешімін таппай тұр.

Негізі Тасарықтағы тозған үйлердің ахуалын газет бетінде бұған дейін де көтердік. Нәтижесінде, бірнеше көпқабатты үй апатты деп танылып, тұрғындары сол жағалаудан бой көтерген жаңа үйлерге көшірілді. Алайда сүрілуге тиіс бұл ескі үйлерді бұзудың орнына шатырын жаналау сынды қарабайыр жөндеу жұмыстары жүргізіліп, кезекті мұқтаж жандарға тұрғын үй есебінде беріліпті. Бұл жағдайға онсыз да өз үйлерін әлі күнге дейін апатты деп таныта

алмай әлек болып жүрген тұрғындар наразылығын білдіріп отыр. Сонда апатты деп танылып, сүруге жіберуге шешім қабылданған мұндай үйлердің әлі де болса кезекті мұқтаж отбасыларға пайдалануға берілуінің мақсаты қандай? Тасарық халқын осы сұрақ мазалайды.

«Жалпы, Тасарық шағын-ауданының үйлері шаршаңқы жағдайда тұр. Бұған дейін апатты деп танылып, сүруге жіберуге шешім шығарылған бірнеше үй де бар. Бірақ бұрынғы тұрғындары жаңа үйге қоныстанғанымен, оған басқа адамдарды көшіріп, әлі пайдаланып отыр. Құжат бойынша сүруге жіберілуге тиіс үйлердің неге бұзылмай тұрғанын түсінбей жүрміз. Өзімізге келер болсақ, үйіміздің жағдайы өте мүшкіл күйге жетті. Қысы-жазы маса мен қандалаға таланып, өлместің күйін кешіп жүрміз. Өйткені өжіре суға толы. Ал одан шыққан күлміс иіс үйімізге тарап, жайлы тұрмыс кешу мүлде мүмкін болмай қалды. Осы жайында қаншама рет айтсақ та, әкімдіктен қайран болар емес. Үйімізді апатты деп таныта алмай әлек болып жүрміз», — дейді Тасарық тұрғыны Эльмира Байдәулетова.

Тұрғылықты халықтың айтуынша, үйдің қазіргі

күйі қауіпті. Жыл өткен сайын артқа қарай шалкалап, құлаудың аз-ақ алдында тұрғанын алға тартады. Тіпті жөндеу жұмыстарын жүргізуге де жарамсыз күйде деп есептейді. Соған қарамастан, халықтың жанайқайы ескерусіз қалып тұр екен.

«Көп жылдан бері Тасарық №9 үйдің тұрғынымын. Үйімізде тұру мүмкін емес. Уақыт өткен сайын жағдайы мүшкіл тартып барады. Өжіренің құбырлары түгел шіріген. Іргесі үгітіліп, үй бір жағына қисайып тұр. Қас-қағым сәтте опырылып, үйіндінің астында қаламыз ба деген қорқыныш басым. Бұл үйде қаншама отбасы тұрады. Әр үйде мәпелеп отырған балалары бар. Осы балаларымыздың қауіпсіздігіне алаңдаймыз. Алайда, қанша айтсақ та біздің талабымызды елемей, үйімізді апатты деп танытуға ниет білдірген жан әзірге қара көрсетер емес. Тіпті үйдің апатты жағдайда екенін білсе де, ешқандай шешім қабылданбай келеді. Енді кімге шағымданаарымызды білмей отырмыз», — дейді Гүлдәрі Қабылбаева.

Осы орайда Қызылорда қаласының әкімдігінің мәлімдеуінше, 2020 жылдан бастап Қызылорда қаласы бойынша 72 тұрғын үй белгілі мөлшерде өзінің бастапқы конструктивтік қатты-



лығы мен төзімділігін жоғалтып, апаттық деп танылған. Соған орай апатты үйлердің тұрғындары арнайы санат бойынша құжаттарын тапсырып, осы бағыт бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп келе жатқанын жеткізіп отыр.

«Меншік иелері «жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтар» санатына (бұдан әрі — Санат) құжат тапсырған. Қазір аталған санат бойынша тұрғын үй алу кезегіне 577 отбасы тіркеуде тұр.

Осындай санаттағы азаматтарға 2021 жылы Сол жағалау шағынауданында салынған көппәтерлі тұрғын үйлерден 93 отбасына және 2022 жылы 29 желтоқсанда 60 отбасына, 2023 жылы 16 наурызда №126 тұрғын үйден 40 отбасына жаңа пәтерлер табысталды.

Сонымен қатар өткен 2025 жылдың I сәуірінде Титов тұрғын ауданынан 135 пәтерлік көппәтерлі тұрғын үй табыс-

талып, 135 азамат тұрғын үй кезегінен шығарылды. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстар рет-ретімен атқарылып келеді», — деп мәлімдеді Қызылорда қаласы әкімдігінен.

Жалпы, жергілікті әкімдік тарапынан қала аумағындағы апатты үйлерге қатысты мәселе кезең-кезеңімен шешімін тауып жатқанын мәлімдеп отыр. Алдағы уақытта да аталмыш түйткілдерге қатысты тиісті жұмыстар жалғасатынын жеткізді.

Ал Тасарық тұрғындары талаптары тасада қалып келе жатқанына наразы. Жыл сайын жағдайларын жергілікті әкімдікке жеткізгенімен, еш қайран болар емес деп қынжылады. Әсіресе, Тасарық №9 үй тұрғындары артқа қарай шалкалап тұрған үйдің опырылып құламауына ешкім кепіл бола алмайтынын алға тартады. Сондықтан да тұрғын үйді апатты деп танып, халықты жедел түрде қауіпсіз үйге көшіру қажет деген талаптарын жеткізді.

ТАНЫМ

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

СЫНАРЫҢ – ӨМІРДІҢ ӨЗІ
СЫЙЛАҒАН СЕРІГІҢ

Кейіпкеріміз егіз болып көмір сүру өте ерекше әрі қайталанбас сезім екенін жасырмайды. Өйткені олар тура мағынасында екі жартыдан құралған бір бүтін секілді. Ол ішкі күйін, қуанышын мен күйзелісінді дәл өзіндей сезінетін басқа бір жанның жанында болуы үлкен бақыт деп біледі. Үнемі сырлас, мұндас болатын серігінің бар екенін сезіну адамға ерекше күш беретінін де кейіпкеріміз өз сөзінде тарқатып айтты.

— Әрине, кей кездері жеке тұлға ретінде өзіңнің де дербес жетістікке жете алатыныңды дәлелдегің келетін сәттер болады. Алайда тағдыр бізді үнемі бір арнаға тоғыстырып, өмірдің маңызды ке-

Базарбек мырза, сынарымен қашықта жүрсе де, бір-бірінің көңіл күйін анық сезетінін сөз етті.

— Кішкентайымызда алыстап кетсек, бір-бірімізге деген сағыныштан ішігіп ауырып қалады екенбіз. Дегенмен физикалық тұрғыдан бәрін бірдей сезіне бермейсің. Өте қатты ауырып қалсақ, бұл сезіледі, бірақ күнделікті жеңіл аурулар — тұмау, бас ауру немесе жеңіл жарақаттар бізге бірдей әсер етпейді, — деп тарқатты.

Одан бөлек, егіздерді тәрбиелеген ата-ананың жауапкершілігі жайында да ой қозғаған ол өз әкешесінің де егіздерін бөлмей, тең қарап, барлық жағынан бірдей қамқорлық көрсеткенін айтты.

— Бізді бірдей киіндіріп, тең өсірген сон, аса ауырлық сезген жоқпыз. Сондықтан біз үшін егіз болып туу артықшылық, ерекшелік, табиғаттың сыйы деп ғана қабылданды. Арамыз ажырамай, бір-бірімізді бәсекелес көрмей, тек жанашыр бауыр болып тел өстік. Содан болар әулетке жақсылық қана әкелдік. Алыстап кеткенде ғана ауыртпалықты сеземіз, бірге болсақ бәрі керемет, — дейді Базарбек мырза.

СЫНАР БОЛУДЫҢ
СЫРЫ ҚАНДАЙ?

Бір әулетте бірнеше ұрпақ қатарынан егіздердің дүниеге келуін ғылым қалай түсіндіреді? Бұл сұрақтың жауабын жоғарғы санатты

тұқымқуалаушылыққа ұласады да бірнеше ұрпаққа дейін жалғаса береді. Мутация, қандай да бір бұзылыс емес. Бір кіндіктен тараған егіздерде мінез, организмнің кейбір даму кезеңі бірдей болады. Немесе екі түрлі сперматозоидтар екі аналық жасушаны бір уақытта ұрықтандыруы мүмкін, олар бауырлас егіздер деп аталады. Сондықтан келбеті жағынан балалар бірдей көрінбеуі және екі түрлі сперматозоидтар қатысатындықтан, біржынысты болмауы да қалыпты, — дейді маман.

Дәрігердің сөзінше, егіз жүктілікке бірнеше факторлар әсер етеді. Мысалы, 30 жастан асқан әйелдерде мұндай жүктілік мүмкіндігі жоғары. Ересек әйелдердегі гормоналды өзгерістер олардың денесін айына бір аналық жұмыртқаны шығаруға дайындайды. Сондықтан барлық босатылған аналық бездер ұрықтану мүмкіндігіне ие. Және ВМІ жоғары (яғни, бойыңызға шаққанда дене салмағы қалыптыдан артық болса) әйелдерде бірнеше рет егіз болуы жиірек кездеседі, бірақ ғалымдар оның нақты себебін әлі толық түсіндіріп бере алмай отыр.

Тұқымқуалаушылықтан бөлек, қазіргі медицинадағы IVF — жасанды ұрықтандыру, кезінде дәрігерлер жүктіліктің сәтті болу мүмкіндігін арттыру үшін жатыр қуысына бірнеше ұрықтанған жұмыртқаны енгізеді. Солардың біреуі емес, бірнешеуі қатар дамып кетсе, егіз, үшем немесе көпжүктілік пайда болады. Бұл жағдайда егіз болу табиғи генетикалық бейімділіктен емес, сыртқы әсерден туындағандықтан, егіздер келесі ұрпаққа жалғаспауы мүмкін.

Егіздер көп туылатын әулеттердің біразында егіздер арасында бірінін өсуі баяулап, шегінеу қаупінің жоғары болуы жиі кездеседі. Бұл туралы да сарапшымыз:

— Жүктілік кезінде асқинулар егіз жүктілікте екі есе жиі кездеседі. Мұндай жағдайлардың жартысынан көбінде нәрестелердің біреуінің жатыр ішінде өсуі баяулап, салмағы төмен болады. Бұл құбылыс медицинада жатырышілік өсудің шектелуі деп аталады және көбіне мерзімінен бұрын босануға әкеледі. Ал біркіндікті ортақ пайдаланатын бірдей егіздерде ерекше қауіпті жағдай — егіз-егіз трансфузия синдромы дамуы мүмкін. Бұл кезде плацентадағы кан

тамырлары арқылы бір нәрестеден екіншісіне кан шамадан тыс өтеді. Соның салдарынан бір егіз кан жетіспеушілігінен әлсіресе, екіншісінің ағзасына артық кан жиналып, жүрекке салмақ түседі. Мұндай асқину дер кезінде бақылау мен емді талап етеді, себебі екі нәрестенің өміріне де қауіп төндіруі мүмкін. Осындай жағдайда баланың бірі екіншісінен әлжуаз болып туылып, тіпті өміріне қауіп әкеледі, — деп қорытындылады Гүлжәмиля Жаубайқызы.

Ғылым әлі толық түсіндіріп үлгермеген бұл құбылыс қоғам үшін де, зерттеушілерге де үлкен қызығушылық тудырып отыр. Мүмкін дәл осындай отбасылар арқылы адамзат генетикасының талай құпиясы ашылар.

Гүлнаурыз СОЯН,
ЕҰУ 4-курс студенті

Егіздерден ТАРАҒАН ЕРЕКШЕ

Зерттеулерге сүйенсек, әлемде шамамен әр 80 баланың бір жұбы ғана егіз болып дүниеге келеді. Ал кей әулетте бұл сирек құбылыс бірнеше ұрпақ бойы үздіксіз қайталанып отыратын қалыпты нәрсе іспетті. Соның бірегей мысалы — бүгінгі кейіпкеріміздің әулеті.

Бұл әулеттің шежіресіне үңілсеңіз, табиғаттың ғажайып құбылысы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқанын байқайсыз. Ерекше тарихтың бастауы — бабалары Боранбайдан өрбиді. Баласы Елей ағамыз өзі егіздің сынары болып дүниеге келсе, Елейдің қарындасы да егіз болып туған. Тағдырдың тағы бір тылсым сыйы — қарындасы да өмірінде үш рет егіз құрсақ көтерген. Осынау ғажайып жалғастық мұнымен тоқтаған жоқ. Елей ағамыздың ұлы Ерлан да егіздің сынары, ал бүгінгі кейіпкеріміз Базарбек мырза мен оның сынары Назарбек сол үрдістің заңды жалғасы сынды.

АМАН ҚАЛСЫН ДЕП
АМАЛ ЕТКЕН

Базарбек мырза егіз болып дүниеге келудің өзіне тән ерекшеліктері барын айтып, бұл құбылыс отбасы үшін әрдайым байыппен қаралатын мәселе болып қалыптасқандығын айтады.

— Бұл мәселені біз бейтаныс ортада қозғай бермейміз. Себебі әкеміздің қарындасының сынары

да, яғни егіз бауыры, сондай-ақ ағамыздың қарындасының егіз балалары да жастай шетінеп кеткен. Егіз болғанымен, бала тұрақтамаған соң «тіл бар, көз бар» деген түсінікпен ата-анамыз бұл тақырыпты бөтен жерде талқыламаған. Егіз болып туған бізді де тіл-көзден алыс ұстап, барынша қорғауға тырысты. Кішкентай кезімізде, жұғысты болсын деп, ауылдағы кейбір қыз-келіншектер киімдерімізді алып тұрады екен. Қазағым ырымшыл ғой, егіздерге қатысты ырым-тайым да жеткілікті. Мысалы, егіздің сынарынан айырылып, шетінеп кетсе, екіншісін аман сақтау ниетінде «кіндік айыру, ашабақан айыру» сияқты рәсімдер жасаған, — деп жеткізді Базарбек мырза.

Уақыт өте келе егіздерге ауыл-аймақтың да еті үйренген. Дегенмен ұқсастықтың қызығы әлі күнге дейін жалғасып келеді.

— Кейде тіпті әкеміз де бізді шатастырып алады. Көршілер әлі күнге дейін айыра алмайды. Сол себепті жаңа ортаға келгенде бұл туралы айтпаса да түсінікті. Жалғыз жүрсем, көшеден таныс емес адамдар көп амандасады, кейін ғана менің емес, сынарым Назарбектің танысы екенін түсінеміз. Достарымыз да жиі шатастырады, кейде өзімнің ол емес екенімді дәлелдеуге тура келеді. Осындай қызық әрі есте қаларлық сәттер жиі кездеседі, — дейді ол.

зендерін бірге өткеруге жазғандай. Мектептен бастап, университетке дейін бірге білім алып, тіпті Отан алдындағы борышты да бірге атқардық. Сынарың — өмірдің саған сыйлаған серігі іспетті. Қанша алыстауға тура келсе де, тағдыр бәрібір қайта жолықтырып, бір жолға тоғыстырып отырады, — дейді ол.

Тағы бір қызық жайт, көптеген егіздер бір-бірінің көңіл күйін сөзсіз-ақ сезе алатынын айтады. Психологтер мұның ұзақ жылдар бойы бірге өсудің нәтижесінде қалыптасқан жоғары эмпатиялық байланыс екенін дәлелдеген.

— Бауырымымен қызығушылықтарымыздың бірқатары ұқсас. Біз спорттың бірдей түрлерімен айналыстық бокс пен күреске бірге қатыстық. Дегенмен әрқайсымыз өз мамандығымызды таңдадық: сынарым сәулетші болып, сызумен айналыса, мен басқа саланы таңдадым. Бірақ мінез тұрғысынан әрқелкіміз. Ол — пысық, қатты, қайтпас-қайсар, мінезді адам, ерте есейіп, ерте отбасын құрған. Ал мен сынарыммен салыстырғанда, ерке әрі жұмсақпын, ақкөңіл аңғалдығым бар. Осы өзгеше мінезіміз өмірде бір-бірін үнемі толықтырып тұрады. Бірдей дүниеге келсек те, өз жолымызбен өмір сүріп жатырмыз, — деп сөзін жалғады кейіпкер.



«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дүбаніров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжехметұлы

АРА



№173

7.02.2026ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы



«Кіш»

етіп қойды...

— Әлди-әлди, балам-ау! Ұйықтай қойшы, данам-ау!
— Жілік шағып берейін. Сол жіліктің майын саған
арнап берейін.

— Ұйықтай қойшы, алтыным!

Кішкентай жортпақ бала тыныштық көрмеді.
Әлдекімді іздегендей мазасыздана берді. Төсегінде
тыныш жата алмады. Арқасынан қағып отырған
апайы сәл қолын тартса болды, көзін сығарайтып
ашып ала қояды.

Тәрбиеші қаншама рет арқасынан қақты. Басынан
сипады. Тентек бәрібір ұйықтамайды. Не істеу керек?
Ата-анасын шақырып алып, үйіне қайтарып жіберуге
әлі ерте. Басқа балалар өтірік ұйықтағансып болса да
тыныш жатыр. Ал мынау бала емес, бәле ғой.

Тәрбиеші Шапырашкүлдің айқаптағы жыны
қозып кетті. Ол баланы ұйықтатудың сан амалын
ойластырып көрді. Есіне өзі еңбек ететін балалар
бақшасындағы мейірбике түсті. Ол сәбилерге «укол
саламын» десе-ақ болды, жым болады.

— Әй, тентек! Қазір саған укол саламын, — деді
Шапырашкүл долданып.

Мұратик уколдан зәрезап болған еді.

Қорыққанынан «кіш» етіп қойды. Апайы оны «неге
айтпай кіш қылып қоясың?» деп жағасынан алып
жұлқылады. Мұратиктің көзі бақырайып, жылауға
шамасы келмей қалды. Тілі жөнді шықпаған бала
апайына не деп жауап қайтарарын білмей, былдыр-
былдыр етті. Оның былдырына Шапырашкүлдің
жыны қайта қозды. Баланы шапалақпен тартып
қалды. Бұл кезде Мұратик үлкен дәретін жіберіп
қойды.

— Қап! Мынау бүлдірді ғой. Осыларды ата-анасы
садикке неге жібереді екен? Көрпесін ауыстырмаймын.
Киімдерін де тазаламаймын, — деп Шапырашкүл бай-
байға басты.

Мұрат былғанған киімдерімен әрі-бері жүрді.
Бұлқынып, апайынан қашып кетпек болды. Бірақ
әлеуетті қол оны жібермеді. Осы кезде екінші тәрбиеші
Лескүл келіп қалып, Шапырашкүлге ренжіді.

— Баланы осылай қорлауға бола ма екен? Сіздің де
балаларыңыз, немерелеріңіз бар ғой.

— Бар, — деп мойындады Шапырашкүл, — бірақ
мынау сияқты қикар емес.

— Баланың бәрі қикар. Оған үлкендердің мейірі
керек. Ал сіз тәрбиешісіз, — деді Лескүл.

Лескүл баланы ваннаға апарып жуындырып, басқа
таза киімдерін кигізді. Төсек, жастығын ауыстырды.
Шапырашкүл бедірейіп қарап тұрды.

Осы оқиға жабулы қазан жабулы күйінде қалар
ма еді, бейнекамера оқиғаның барлығын таспалап
алыпты. Комиссия тәрбиешіні қыспаққа алды.
Тәрбиеші араға адам салып, жазадан әуірімдеп зорға
құтылды.

Бүгінде Мұрат балақай балалар бақшасы десе-ақ
болды «кіш» етіп қояды. Ата-анасы «ертең мектепке
қалай барады екен?» деп уайымдап отыр...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ДЕКРЕТ МӘСЕЛЕСІ

— Қой деймін саған болды.
Неге түсінбейсің, сен? Тында
мені...

— Тындамаймын ағай, неге
тындаймын? Менен құтылмақ-
шысыз ба, сонда? Кетпеймін
ешкайда.

— Айналайын-ау, мен сені
жұмыстан шығарып жатқаным
жоқ, басқалар сияқты соқра-
шениюе жіберіп жатқаным жоқ,
өзіңнің жағдайына байланысты
декретный демалысың ғой айна-
лайын-ау...

— Ой ағай, мен декретке кет-
сем, аман-есен қайтіп келетініме
гарантия бересіз бе?

— Айналайын-ау, мен сені
соғысқа жіберіп жатырмын ба?
Келесің ғой, неғып келмейсің?

— Неғып келмейсің деп қояды
ғой. Декреттен декретке ұласып
кетіп, 15 жылдан соң бір-ақ кеп
тұрайын сол.

— Келе бер, орның сақталады
ғой бәрібір.

— Ия сақталады. Атасының
басы сақталады.

— Әй, әй...

— Осы мекемеде декретке кет-
кен қай қатынның орны сақта-
лыпты? Менің орныма да өзіңіз-
дің әйеліңізді алайын деп жүрсіз.

— Әрине алам. Әй токта кім
айтты оны саған?

— Ой, ағай, білемін бәрін.
Екіншіден, айлық алып отырған
жерімнен айырылғым келмейді,
ағай.

— Қой, болды, жылама.
Ойбай-ау енді жұмыс, жұмыс деп
өлемісің? Ал сол жұмыста жүріп
бір күні босанып қалсаң қайтеміз?

— Ой, қорықпаңыз, ағай,
мына белден төмен қарай мықтап
шпагат жіппен байлап тастағам.
Так что, саспаңыз.

— Не? Ой маскара.

— Бұл ештеңе емес ағай, кеше
үйге көмір түсіргенбіз. 8 тонна
көмірді етегіме салып, 1 сағатта
қораға тасып тастадым.

— Не дейді ойбай? Сен мына
түрінмен көмір тасып жүрсің бе?

— Онда тұрған не бар?

— Қалай онда тұрған не бар,
сен көмір тасып жатқанда күйеу-
бала не істеп тұрды?

— Ол да қарап тұрған жоқ,
ағай, сағатына қарап уақыт
засекать етіп тұрды.

— Неге?

— Спорласқанбыз, 1 сағатта
тасып бола аламын ба, алмаймын
ба? — деп.

— Уақыт санағанша тасымай
ма өзі?

— Ағай, ол шаршайды күн
ұзағына.

— Көп жұмыс жасай ма не?

— Жоқ ол жұмыс істемейді,
күн ұзағына ютуб қарап шаршай-
ды.



— Қатырған екенсіңдер. Ой-
лағаным айы күні жетті, уақыты
келді деп.

— Ағай, қайдағы 7 ай? 18 ай
болды.

— Не дейді ойбай 18 айы несі?
Нормальный адам деген 9 айда
босану керек қой.

— Ой ағай менікі хронический
беременность қой. Басында
жұмыс, жұмыс деп қол тимеді,
кейіннен етім үйреніп кетті.
Жүкті болып жүргенге бір үйреніп
алсаң, жүре береді екенсің. Енді
міне, декретке де шыққым кел-
мей тұран жоқ па?

— Не дейді ойбай. Сонда қа-
лай күйеуін сұрамай ма?

— Нені ағай? Не айтып тұр-
сыз? Ұят емес пе?

— Өй, нені болғанда, «Сен
осы че то көөөп екікабат болып
кеткен жоқсың ба?» — деп.

— Ааа. Ой, ағай, ол білмейді.

— Білмегені несі, күйеуің се-
нің аяғың ауыр екенін білмей ме?
Ақыл-есі дұрыс па өзі, күйеуің-
нің? Жұмыс істемейді дедің бе?

— Айтып тұрмын ғой, үйде
ақша табатын тек мен ғана. И
вообще, ойлап жүрмін ағай, үй
алғасын бір-ақ босансам ба деп.

— Не?

— Қазіргі келіншектердің көбі
үйлі болмайынша тумаймын
дейтін болыпты. Мен де сөйтемін.
Үй алуға кезекке тұрдық, бұйыр-
са, 5, 6-ақ жыл қалды.

— Сен әлі 5, 6 жыл жүретін
ойың бар ма? Әй, айналайын, үй
алмайынша тумаймын деп жүр-
гендер, олар әлгі үйлі болып,
жағдайын жасап алғасын барып,
балалы болам деп жоспарлап
жүргендер ғой. Ал сен уже нетіп
қойғансың ғой.

— Ештеңе етпейді, ағай. Бір-
ден қолына портфелін ұстатып,
сразу мектепке баратын қылып
бір-ақ туамын.

— Ойбай, «жүре берсең көре
бересің» деген осы болды-ау.
Маскара, маскара!

— Ағай негізі бар ғой екікабат
боп жүрген күшті ғой.

— Неге?

— Автобуска кіріп келсем,
бәрі орын береді ғой. Менде күш
те бар ғой ағай, егер біреу-міреу
орын бермесе, любойын желке-
ден алып лақтырам. Ана жолы бір
еректі желкеден алып лақтырып
жіберіп, орнына отырып алсам,
сөйтсем ол сол автобустың шо-
пыры екен ғой.

— Сенің өзі күлкің де біртүрлі
екен қарағым, былай аузыңды
жауып, айғайламай күлуге бол-
май ма?

— Ағай, аузымды жауып, ай-
ғайламай күлсем білесіз ғой не
болатынын.

— Не болады?

— Босанып қалуым мүмкін.

— Не дейді ойбай, айғайлап
күле берші онда.

— Сонымен не істейміз қал-
кам-ау сені? Қалай қылсақ бола-
ды енді?

— Жүре берейін, ағай. Қай
күні босанам сол күні кетермін
декретке. Кезінде апаларымыз
тезек теріп жүріп босанып қалып,
баланы етегіне салып үйге келе
берген ғой, ештеңе етпес. Ойбай
ішім.

— Ай, сен қой давай. Прекра-
шай давай. Ай, қайсысың барсың,
көмектесіңдер.

— Енді не істеймін ойбай! По-
могите! Рожаю! Ағай, пранк қой.

— Не пранк? Сен мені өлтіре-
тін шығарсың бір күні.

— Мықтап қорқыттым ба,
ағай?

— Сасқанымнан сен емес, мен
босанып қала жаздадым ғой, ай-
налайын-ау.

— Менен құтылам дегенді ко-
йыңыз. Маған орным керек.
Сондықтан мені мазаласаңыз,
осылай зәреңізді алам.

Бауыржан ОРДА

— Ағай! Ой, ағай!
— Иә.
— Бір жігіт мені қуа береді, қуа береді.
— Сен ше?
— Мен қаша беремін, қаша беремін.
— Немене сендер қыз қуу ойнап жүрсіндер ме?
— Жоқ, ағай. Көкпар ойнап жүрміз.
— Көкпар?
— Иә, ағай! Көкпар!
— Сонда сен серкені қалай көтересің?
— Мен көтермеймін ғой, ол көтереді.
— Қалай?
— Ту-у-у, ағай! Неге түсінбейсіз? Жігіт мені қашып бара жатқан жерімнен ұстап алып, алдына өңгеріп, үйіне алып қашады.

— Алып қашады? Бұл Қылмыстық кодекстің қаншасыншы еді, иә, түгенінші бабы екен ғой, адам ұрлау дерегімен сегіз немесе он жылға бас бостандығынан айырылады.

— Не дейсіз, ағай? Бас бостандығы дегіңіз бе? Ол мені бас бостандығымнан айырғысы келіп жүр ғой. Еріксіз алып қашса, оқуым қайда қалады? Әке-шешеме не деймін?

— Не дейсің? Өзім келдім дей-сің.

— Ту-у-у, ағай-ай! Мәселенің өзі сол өз еркімнен бармағанымда болып тұр ғой. Сүймеймін мен ол жігітті. Оқуымды бітіруім керек. Түсінесіз бе, алып қашты ол мені, алып қашты. Ағаларым мен жөңгелерім келіп, әупіріммен тұзақтан босанып шықтым. Ол басқан ізімді тағы да аңдып жүр.

— Анди берсін. «Аңдыған алмай қоймас» деген бар.

— Ту-у-у, ағай-ай! Не деп кеттіңіз. Мен ол жігітке тұрмысқа шықпаймын дедім ғой. Шықпаймын.

— Шықпасаң, шықпа. Оқуынды жалғастыра берсеңші.

— Сонымнан салпақтап қалмайды деймін. Қалмайды. Аңдып жүреді. Сес көрсетеді.

— Сес көрсетеді? Сонда не дейді?

— Маған тұрмысқа шықпасаң, пышақтап кетем дейді.

— Міне, бұл — қылмыс! Қылмыстың көкесі! Айналайын, қарындасым! Міне, қағаз, қалам. Арыз жаз.

Бойжеткен полиция майоры, аға тергеуші Тапқышбек Тыңшыбекұлының көрсетуі бойынша арыз жазып берді.


— Жарайсың! Қуғынбай Ұстапбергенұлын құрықтаймыз. Әкесін көзіне танытамыз. Бұдан былай соңынан көленкедей еріп, қалмайтын болады. Артық әрекетке бармайтын болады. Жаман көзің саған қарай салмайтын болады.

— Уф! Жаксы болды ғой.

Тергеуші бөлмесі. Қуғынбай Ұстапбергенұлы тергеуші алдында иығын қушытып, төмен қарап мыңқылдап отыр.

— Жолдас майор!

— Тапқышбек Тыңшыбекұлы деңіз.



— Иә, Тапқышбек Тыңшыбекұлы! Қызды мен ұрлағаным жоқ. Өзі келісті.

— Өзі келіскен қыз арыз жазып келмейді.

— Оны біреулер азғырып жүр. Мені «ұры» деп бекер жазғырып жүр.

— Айтасын-ау. Ұрысын! Ұры болмасаң да бандиттердің бірісің.

— Көке!

— Маған «көке» деме. Мен сенің екі туып, бір қалғанын емеспін. Мен — тергеушімін.

— Тергеуші аға! Мәмлеге келейікші.

— Міне, мұның орынды. Қандай ұсынысың бар? Кінәнді мойындайсың ғой.

— Мойындамаймын. Бірақ ұсынысым бар.

— Қандай?

— Жібекпен өзім сөйлесемін. Әке-шешесінің алдынан өтемін. Кешірім сұраймын. Ауызбастырық береміз. Арызын қайтып алады. Ал сізге әкем келіп жолығады.

— Әкенде не шаруам бар?

— Сізге арнаған сыйлығы бар.

Екі жылқы. Семіз. Конвертте.

— Сен өзі жөн-жоба білетін жігіт екенсің. Жібекті осында алып кел. Арызын қайтып алсын. Бұдан былай бойжеткен көрсен, аулақ жүр.

— Енді аға, қашанғы сұрбойдақ болып жүремін? Қатарластарымның алды екі-үш балалы болды. Соларды көріп, менің көңілім налалы болды. Бір қызды алып қашамын деп мына пақырыңыз жазалы болды.

— Такпақтатпа. Қызды әуелі көндірі. Бақытты болатынына сендірі. Сосын үйіне ендірі.

— Ой, тергеуші ағай! Сіз де акын екенсіз ғой.

— Бар, жоғал! Жібекті ертіп кел де көзіме көрінбе. Айтпақшы, әкен қашан келеді?

— Сіздің айтқан уақытта келеді.

— Онда бүгін кешке «Сауықсайран» мейрамханасына келсін. Сонда отырып, кеңінен әңгімелесерміз.

— Рахмет, тергеуші ағай! Кете берейін бе?

— Қаранды батыр!

Қуғынбай Ұстапбергенұлы лып етіп көтеріліп, бөлмеден атып шықты. «Е, келісуге болады екен ғой»

деп ой түйді. «Іс бітті, қу кетті». Жібек арызын қайтып алды. Оқуына аттанды. «Осыдан қолыма бір түсерсің» деп Қуғынбай қулық ойлап тұрды. Бірақ қулығының соңында құрық бойламайтын сұмдық жатыр еді...

Қуғынбай қутындады. Жібектің соңынан аңдып, тың тындады. Бір күні апақ-сапақта оңашада ұстап алды.

— Жібек! Бұдан былай сені Қыз Жібек дейінші. Мен Төлеген болайын.

— Болмай-ақ қойыңыз. Жаман екен ойыңыз.

— Несі жаман? Шын ғашықтар солардай-ақ болсын!

— Төлеген Бекежанның қолынан қаза табады ғой. Өлмей тұрғанда менен бір шақырым аулақ жүріңізші.

— Не дейсің?

— Менен бір шақырым қашық жүріңіз деймін.

— Ғашық деймісің? Иә, мен саған ғашықпын, жаным!

Бойжеткен бұлқынды. Жігіт жұлқынды. Жібек жігіттің қолынан босап шығып, қашып кетті.

«Қап! Осыдан қолыма тағы бір түсерсің!» деп Қуғынбай кіжінді.

Ол қызды тағы да аңдып жүрді. Бойжеткен тергеушіге тағы барды.

— Ағай! Қуғынбай қуа береді.

— Ол қойдым деп еді ғой.

— Қоймапты. Соңымнан қалмайды.

— Жарайды, бара бер. Онымен өзім сөйлесемін.

— Сөйлесіңізші. Соңымнан салпақтауды қойсын.

Тапқышбек Тыңшыбекұлы күдіктіні шақырды. Ол бұрынғы бұралаң жолымен тергеушіден судан таза, сүттен ақ болып шықты.

«Төлеген» Қыз Жібектің соңынан шырақ алып түсті. Бұл жолы Жібектің орамалы ғана жатты жағада. Кінәлі «Төлеген» еді...

Қыз тағдырына жүрдім-бардым қараған Тапқышбек прокурордың алдында отыр. Тағы бір көкпар басталып кетпесе, кінәлілер жазасын алар-ау деп көпшілік жоғары жакқа жалпақтап қарағыштайды...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ҚҰТТЫ БОЛСЫН! (өзіл әңгіме)

Ұят болды-ау, ауданға әкім келгелі құтты болсын айтып кіріп шықпаған едім. Бүгін уақыт тауып әкімшілікке желпілдеп жетіп бардым.

Ерні дүрдіген хатшы қыз жолымды кесті.

— Ағай, баса-көктеп қайда барасыз?

— Әкімге кіремін, — дедім.

— Қандай әкім?

— Қарындас, бұл не сұрақ? Кәдімгі аудан әкімі Талтанбай Салпаңбаев осы кабинетте отыра ма?

— Ол кісі басқа қызметке ауысып кетті.

— Осы жақында келмеп пе еді?

— Онда менің шаруам жоқ. Ертең жаңа әкім келеді. Соны күтіп отырмыз, — деді әлгі қыз. Өкініп қалдым.

Бір апта бұрын білім бөлімінің басшысы ауысты деп естіп едім. Ең болмаса соған «құтты болсын!» айтып кіріп шығайын деген ниетпен тартып отырдым.

Қап, тағы кешігіп қалыппын. Ол ішкі саясатқа басшылыққа кетіпті.

Токтай тұр, жақында мәдениет бөліміне досым Жәкetail бастық болғалы жүзін көрмеген едім. Бардым. Қырсық қылғанда Жәкең жұмыс орнын өзгертіп үлгеріпті. Енді ол аудандық полицияның бастығы дейді. Қуанып кеттім. Полиция департаментіне келіп тоқтадым. Досым жоқ. Іле-шала бұл жерден де қызметін ауыстырыпты.

Әзірге қайда отырағаны беймәлім. Қап-ай, қайда кіріп шықсам екен? Талдың көлеңкесіне барып жайғастым.

Таныс жігіт кездесті.

— Не істеп отырсыз?

Жағдайымды баяндадым.

Маған аудандық сотқа су жаңа төраға тағайындалғанын айтты. Сұрай келгенде сол баяғы әкімшілікте отырған танысым болып шықты. Аудандық сотқа аяңдап келемін. Ішімнен «құдай-ай ауысып кетпесе екен» деп тілеп келе жатырмын. Тағы жолым болмады. Басшылар көзді ашып-жұмғанша ауысады. «Құтты болсын!» деген бір ауыз сөзді айта алмай ақыры үйге қайттым. Үйдегілер естіп қатты күлді. Шешем теледидар қарап отыр еді. Айқайлап жіберді.

— Ауданға жаңа әкім келіп-ті, — деді. Жаксы жаңалықты естіп көңілім көтеріліп қалды. Таңертең ерте елден бұрын кіріп шығамын деп шештім.

Таң атты. Бір кесе шәйді асығыс ішіп үйден шықтым. Банктен телефон соқты. Несиемнің төлем уақыты өтіп кетіпті. Банкке бардым. Енді қозғала бергенде көлігімнің газы бітіп қалды. Бензин қымбат. Амал жоқ газдың кезегіне тұрдым. Бес сағат дегенде әрең жеттім. Түс қайта аудан әкімшілігіне келдім. Кешегі хатшы қыз мені көріп күліп жіберді.

— Неге күлдіңіз?

— Құтты болсын айтуға келдіңіз бе?

— Иә.

— Әкім ауысып кетті.

— Ауысқаны қалай кеше кешкілік тағайындалған жоқ па? — деп ашуландым.

— Түске дейін отырды.



Қазір облысқа кетті. — Тфу, шаруа түгілі бір ауыз сөз айтуға үлгермейтін болдық қой.

— Ертең басқа басшы келеді, — деді хатшы.

— Иә, қойшы рахмет, — деп, қолымды бір сермеп ғимараттан шықтым.

Жолда келе жатып мектепке соқтым. Директорға орныңыз құтты болсын деп едім. Ішек-сілесі қатып күлді. Сүйтсем, отыз жыл бойы осы орында қозғалмай отыр екен.

Иә, несі бар әйтеуір жаман сөз айтқаным жоқ.

Айтпақшы, басшылыққа жанадан келгендер болса қызметтерін құтты болсын!...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫЛТІЛАШ

Ат жемейтін,
Ащы шоптің
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай меп Омбай
Домбы ойнады.
Омбай онбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұйна-тұйна,
Салдыр-салақ,
Бұл кім?
Кеп тұр құякім.

Жып-жынақы,
Тап-таза,

Түп-түз.
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұятты!

Маман
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Бананның қазақшасын
«Мәуіз» дейді.

Табанымнан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық бол,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрі емдеді.



СПОРТ STYLE

7 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



«Нағыз бапкер – нәтиже емес, адам қалыптастырады» демекші, бапкерлік жол ешқашан оңай болмаған. Кез келген мықты спортшының артында оның жетістігіне сенетін, дұрыс бағыт беретін, тіпті ең қиын сәтте де қолдауға дайын бапкер тұрады. Бокстан әлемнің 2 дүркін чемпионы Аида Әбікееваның әлемдік арена-лардағы жеңістері де тек оның жеке талантының нәтижесі емес, оған алғашынан бастап жол көрсеткен бапкердің еңбегінің жемісі. Бүгін біз Аиданың бапкері Ислам Абдраимовпен сөйлесіп, оның шәкірттерімен қалай жұмыс істейтінін, қиын сәттерді қалай еңсеретінін сұрап білдік.

Ислам ӘБДІРАЙЫМОВ,
ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы:

БАСТЫ ҰСТАНЫМ – ЕЛДІҢ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТУ

– Бапкерлік жолыңыз қалай басталды? Алғашқы шәкірттеріңіз есіңізде ме?

– Менің бапкерлік жолым 18 жасымда басталды. Бұл салаға келуіме ағам Әмір Жанбосинов үлкен әсер етті. Алғашында оған көмекші болып, жаттығу процесіне араластым. Дәл сол кезеңде менің ең алғашқы шәкірттерім де келе бастады. Олар – Рафаил Иванов пен Аида Әбікеева.

Осы алты жыл ішінде Рафаил кикбоксингтен әлем чемпионы атанды. Ал Аида сол уақыттың өзінде бокстан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы болып үлгерген еді. Бүгінде ол екі дүркін әлем чемпионы атанып, Қарағанды тарихындағы мұндай жетістікке жеткен алғашқы әйел боксшы болды.

Мен қазір Қазақстандағы ең жас еңбек сіңірген жаттықтырушысымын. Ең бастысы, осы шәкірттермен бірге тоғыз жыл бойы бір жолдамыз. Менің бүкіл бапкерлік мансабым солармен бірге басталып, солармен бірге қалыптасты.

– Жылдар бойы талай спортшымен жұмыс істедіңіз. Сіз үшін «жақсы шәкірт» деген кім?

– Шыны керек, осы жылдар ішінде көптеген спортшымен емес, санаулы ғана шәкіртпен жұмыс істеуге тырыстым. Негізгі екпінді екі спортшыға қойдым. Себебі бар күшімді барлығына бірдей жұмсам, ақыр соңында ешқайсысына қажетті нәтижені бере алмайтынымды жақсы түсіндім.

Мен үшін жақсы шәкірт деген ең алдымен тыңдай білетін, тапсырманы бұлжытпай орындайтын спортшы. Жаттығуда да, одан тыс уақытта да бапкер берген барлық тапсырмаға жауапкершілікпен қарайтын адам.

Сонымен қатар жақсы шәкірттің басты қасиеті – тәртіп пен режим. Уақытында ұйықтау, уақытында тамақтану, жаттығуды өткізіп алмау сияқты қарапайым талаптарды сақтай білу үлкен спортта шешуші рөл атқарады. Дисциплина жоқ жерде нәтиже де болмайды.

– Аида Әбікееваның сіздің бапкерлік жолыңыздағы орны қандай? Оны өзгелерден ерекшелейтін қасиеті бар ма?

– Аида Әбікеева – менің бапкерлік мансабымда ең жоғары әрі ең жақын орын алатын спортшылардың бірі. Ол басқа спортшылардан бірқатар қасиетімен ерекшеленеді. Ең алдымен, Аидада темірдей тәртіп пен өз ісіне деген ерекше жауапкершілік бар. Оның күн тәртібі нақты, жатты-

ғуға, дайындыққа деген көзқарасы өте байыпты. Мұндай деңгейдегі салмақтылық пен кәсібилікті екінші бірінен көре бермейсің.

Біз ең алғашқы күннен бастап бір-бірімізді жақсы түсіндік. Аидамен жұмыс істеу ешқашан қиын болған емес. Ол айтылғанның бәрін тез қабылдайды, үйренуге дайын, үнемі алға ұмтылады.

Ең бастысы, ол тыңдай біледі және соны орындауға тырысады. Жаттығуда болсын, дайындық барысында болсын, әр тапсырмаға үлкен жауапкершілікпен қарайды. Осы қасиеті біздің бүкіл жұмыс процесімізді жеңіл әрі жүйелі етті. Сондықтан да мен онымен жұмыс істегенді ұнатамын. Аидамен жұмыс істеу бапкер үшін де жеңіл әрі нәтижелі. Себебі ол айтылған тапсырманы түсініп қана қоймай, оны толық орындауға тырысады. Осындай мінез бен еңбекқорлық оны үлкен жетістіктерге жетелеп отыр.

– Жекпе-жекке шығар алдындағы сәтте спортшыны қалай жігерлендіресіз? Аидаға қандай сөз айтасыз?

– Жекпе-жекке шығуға санаулы минуттар қалғанда мен Аиданы қатаң түрде баптаймын. Бұл сәтте жұмсақ сөздің қажеті жоқ. Оған бұл сенің жекпе-жегің екенін, рингке шығып, жеңісті алып қайту керегін нақты айтамын.

Әрдайым «мен жанындамын, бұрыштан айтқан командаларымды тыңда» деп ескертемін. Соңына дейін баруды талап етемін. Қалай аяқталатыны маңызды емес, бастысы рингте өзінді толықтай беру керек. Осындай сәтте спортшы мінезін көрсетуі тиіс. Бұл тек соккы алмасу емес, бұл өз-өзінді дәлелдейтін кезең. Сондықтан жекпе-жек кезінде бар күшінді салып, аяғына дейін күресу қажет.

– Әйелдер боксына «әлі де ерлер боксының көлеңкесінде» деген пікір бар. Бұған көзқарасыңыз қандай?

– Менің ойымша, бүгінде әйелдер құрамасы айтарлықтай өсіп келеді. Қазір олардың жекпе-жегін көретін көрермен саны да көбейді. Әйелдер боксына деген қызығушылық бұрынғыдан әлдеқайда жоғары.

Ең бастысы, қазіргі әйелдер боксы ерлер боксынан кем түспейді. Олар да дәл сондай жарқын, тартысты әрі ымырасыз өнер көрсетіп жүр. Әр жекпе-жекте мінезін көрсетіп, соңына дейін күреседі. Қазір әйелдер мен

ерлер боксының деңгейі бір-біріне теңесіп келеді деп ойлаймын.

– Егер Аида басқа елдің спортшысы болғанда, оның мансабы өзгеше болар ма еді?

– Жок, мен олай ойламаймын. Қазақ боксы – аңызға айналған мектеп. Бұл біздің ұлттық спорт түріміз деуге болады. Қазақстанның бокс мектебі – әлемге талай чемпионды танытқан, қалыптасқан дәстүрі бар жүйе.

Аиданың бүгінгі жетістігі де сол қазақстандық бокс мектебінің жемісі. Мұнда



Мен үшін жақсы шәкірт деген ең алдымен тыңдай білетін, тапсырманы бұлжытпай орындайтын спортшы. Жаттығуда да, одан тыс уақытта да бапкер берген барлық тапсырмаға жауапкершілікпен қарайтын адам.

тәртіп бар, талап бар, жүйе бар. Сондықтан ол қай елде болмасын мықты спортшы болар еді, бірақ дәл Қазақстанда қалыптасуы оның деңгейін одан әрі биіктете түсті деп есептеймін.

– Жанкүйер көрмейтін, бірақ сіз ғана білетін Аиданың бір қыры бар ма? Аидадан кейін дәл осындай әлем чемпиондары шыға ма?

– Көпшілік Аиданы тек әлем чемпионы атанған кезде таныды. Ал біз бұл мақсатқа өте ұзақ жолмен келдік. Артында жылдар бойғы тынымсыз еңбек, ауыр жаттығулар, жаракаттар мен өмірдегі күрделі кезеңдер жатыр.

Кей сәттерде алға қарай жүруге күш те, мотивация да қалмаған кездер болды. Бірақ Аида дәл сондай қиын шақтарда өз бойынан жаңа күш таба білді. Барлығын жинап, қайта тұрып, арманына қарай тағы бір қадам жасады.

Мен оны ең алдымен еңбекқорлығы, сабырлығы және шыдай білетін қасиеті үшін бағалаймын. Қандай жағдай болмасын тоқтап қалмай, алға ұмтыла алды. Алдағы уақытта Аидадай әлем чемпиондары шығатынына еш күмәнім жоқ. Енді өсіп келе жатқан жастарға Аиданың үлгі болғанына қатты ризамын.

– Білүімше, сіз Қарағандыда жаттықтырушысыз. Кезінде Қарағандының боксшылары мықты деп көп айтылушы еді. Ел аузындағы «Абай бокс мектебінің» даңқы жайлап өшіп бара жатқан сияқты. Бұған не себеп? Бұл мектептің түлектері қайда?

– Иә, негізгі жұмыс орным Қарағандыда. Кейінгі кездері мектептің абыройы біршама төмендегені рас. Дегенмен қазір жағдай мүлде өзгеше. Қарағанды облысы қайтадан дамып келеді, бокстан жақсы нәтижелер көрсетіп жатқан көптеген перспективалы спортшымыз бар. Олар еліміздің абыройын қорғап, ұлттық бокстың деңгейін көтеріп жатыр.

– Бапкер ретінде ең үлкен арманыңыз қандай?

– Ең басты мақсатым – Олимпиада чемпионын тәрбиелеу. Бұл мен үшін тек спорттық жетістік емес, сонымен бірге азаматтық борышым деп есептеймін. Менің еңбегім тек жеке нәтижеге емес, жалпы Қазақстан бокс мектебінің дамуына, еліміздің атын әлемге шығаруға бағытталған. Өз елінің абыройын асқартатып, халқына пайдалы болу – бапкер ретінде менің басты ұстанымым.

Сұхбаттасқан Әсет ҚАЛИ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абай АЛТЫНСАЙЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баки ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4701
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,